

Мектептегі №11 (197) мерекелер 2024 тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Н. Мажит, Т. Байтлес. Ұлттық құндылықты ұлықтаған отбасы.....	3
Н. Ермекқызы. Қазақстан халықтарының ұлттық ойындары.....	6
Н. Махметова. Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз	9
А. Сатпаева. Республика күні	11
Л. Жексембаева. Абайдың қара сөздері	12
Ж. Суханова. Шыңғыс ханның төрт бөрісі.....	15
Ж. Джанглышева. Туған өлке – тұнған тарих.....	17
А. Кунанбаева. Сыйынар ем, Ана деген тәңірге.....	21
С. Мұқанова. Туған тілім – тірлігімнің айғағы.....	23
С. Оразбаев. Болашаққа бағдар.....	25
А. Таған. Ауыл – рухани тіршілігіміздің қайнар көзі	28
А. Кеншінбаева. Білімнің ғажайып ордасына 60 жыл.....	30
Г. Боранбаева. Білімнің мініп тұлпарын.....	32
Ж. Елекбаева. Қисса Көрұғылы.....	35
Н. Мералина. Жұлдызды сәт.....	38
Н. Султанова. Алтын сақа	42

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
04.12. 2024 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-көңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
әл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш
Сахиқызы** – әл-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл
Ботабекқызы** – PhD,
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы. Алматы қаласы.

**НАЗАР
АУДАРЫҢЫЗ!**

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнінізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.



Ұлттық құндылықты ұлықтаған отбасы

Алматы қаласы Білім басқармасы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби атындағы №145 мектеп-гимназиясында 1 қараша күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында қалалық «Ұлттық құндылықты ұлықтаған отбасы» атты көркем, сәндік-қолданбалы өнер байқауы өтті. Ежелден «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген өнегелі сөзбен бой түзеп, ес жиған халықпыз. Мемлекетіміздің болашағы айқын, мақсаты мығым болу үшін ұлттық құндылықтарымыздың орны аса ерекше. Кез келген қасиет пен қабілет, өнеге мен өнер ананың ақ сүтімен, әкенің қасиетті қанымен бала бойына

даритыны баршамызға мәлім. Демек, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау отанымыздан, яғни, отбасыдан бастау алады. Тарихымыз бен әдебиетімізге көз жүгіртер болсақ, қазақ халқы сонау ықылым заманнан әкелер қамшы өріп, жылқы баптап, түрлі зергерлік бұйым түрлерін қолдан жасап жеті атасын жетесіне жеткізсе, аналар қауымы текеметі мен киізін басып, құрақ көрпесін құрастырып, ұршығымен жіп иіріп, ақтан түрлі дәм таттырып тәлім мен тәрбиені қатар ұштастыра білді.

Дәл қазіргі ХХІ ғасыр ақпарат пен технологияның шарықтаған тұсында осы бір асыл қасиеттерімізден, өне-





ріміз бен әдебімізден алшақтап қалғанымыз жасырын емес. Күнделікті күйбең тіршілікпен, жұмыс пен үйдің арасында жүріп ата-аналар қауымы бала тәрбиесін, әсіресе, ұлттық құндылықтарымызды ұмыт қалдырып жатқаны баршамызға мәлім. Осы тұста бұл олқылықтың орнын толтыру мақсатында Әл-Фараби атындағы №145 мектеп-гимназиясында «Ұлттық құндылықтарды - ұлықтаған отбасы» атты көрме, сәндік қолданбалы өнер байқауын өткізді. Ұлттық өнерді дәріптеу сайысына ауданнан іріктелген 40 отбасы қатысты. Ата-аналар мен оқушылар екі кезеңнен тұратын сайыс барысында көптеген ұлттық ою-

-өрнектерімізге, зергерлік бұйымдар, сонымен қатар ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін фото-суреттерге қанық болды.

Іс-шараға арнайы Бостандық аудандық білім бөлімі басшысы – Қасымбек Айгүл Жұмабекқызы келіп қатысты. Байқауды Әл-Фараби атындағы №145 мектеп-гимназия директоры Таукенова Бейбітгүл Ясынқызы құттықтау сөз сөйлеп ашты. Сондай-ақ №21 гимназияның көркем еңбек пәнінің мұғалімі Жаримбетова Гульсара Касымбековна, Бостандық ауданының ардагерлер кеңесінің өкілдері, қала мектептері көркем еңбек пәнінің мұғалімдері қатысып, өз әсерлерімен бөлісті. Іс-шара-





ның ерекше айта кетерлік тұсы — мектеп ұстаздары мен жас мамандардан құралған топ қазақ халқының салт-дәстүрі мен жөн-жоралғыларына сай сырға салу, ұзатылу, беташар, тұсау кесер тойларын көрініс қою арқылы және әжелер ансамблінің әсерлі әндерімен толықтырды. Қазақтардың әдептен озбаған, салт-дәстүрге бай, ұлттық құндылықтарды дәріптеген қасиетті халық екенін еске салды. Қорыта айтқанда, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында қалалық «Ұлттық құндылықты ұлықтаған отбасы» атты көркем, сәндік-қолданбалы өнер байқауы күтілген нәтиже бойынша жоғары деңгейде өтті.

Жеңімпаздар Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы директорының арнайы дипломдарымен марапатталды. Байқауға қатысушы ата-аналар және оқушылар бір-бірімен тәжірибе алмасып, өмірлік азық болар құндылықтарды сіңірді.



байланысты екенін ұмытпауымыз қажет.

Сондықтан әрбір қазақстандық азамат ұлттық құндылықтарды сақтап, оның тамыры тереңдей түсуіне үлес қосуы маңызды. Тек осылай біз болашағымыздың жарқын, бірегей және тұрақты болуын қамтамасыз ете аламыз.

**Нұртуған МАЖИТ,
Тоғжан Батырбекқызы БАЙТЛЕС,
Әл-Фараби атындағы №145
мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімдері.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.**

Қазақстан халықтарының ұлттық ойындары



Назерке
ЕРМЕКҚЫЗЫ,
Шығыс Қазақстан
облысы Білім
Басқармасы
«Ақ ниет» мектеп-
интернаты» КММ
тәрбиешісі.
Өскемен қаласы,
Шығыс Қазақстан
облысы.

Әнұран орындалады.

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті балалар мен қонақтар! Сіздерді Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

Ведущий: Добрый день уважаемые гости, ребята. Сегодня, в этот прекрасный весенний день, мы празднуем День Единства народов Казахстана.

Жүргізуші: Біздің елімізде әр этностың өз тарихы, өз мәдениеті бар. Барлық ұлттар Қазақстан жерінде достықта, бірлікте тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Қазақстан мемлекеті көп ұлтты. Біздің елімізде жүз отыздан астам ұлттар тұрады: ұйғыр, кәріс, дүнген, өзбек, қырғыз, түрікмен, тәжік, армян, әзербайжан, украин, белорус, түрік, шешен және тағы басқа шет мемлекеттен келген ұлттар біздің елі-

мізде тіршілік етуде. Біз олармен татумыз, доспыз және бір-бірімізбен қоян-қолтық аралас өмір сүреміз.

Ведущий: Много национальностей живут в нашем государстве, их более 120. И все они живут в мире и согласии. Дружба, труд, мир... На всём земном шаре, на всех языках звучат эти заветные слова. Мир — чтобы трудиться, радоваться цветущим веснам, мечтать.

Түрлі ұлт өкілдері балаларының өлеңдері оқылады.

1. Мы дружной семьёю живем в Казахстане,

Татары, уйгуры и русские с нами.

Так пусть же крепнет во веки веков,

Дружба народов всех возрастов.

2. Дружба народов — не просто слова,

Дружба народов навеки жива.

Дружба народов — счастливые дети,

Колос на ниве и сила в расцвете.

Жүргізуші:

Мамырдың бірі — достық күні

Ән салып, билеген халықтың үні.

Тұтасып, тойлаған ұлттар,

Керемет мереке, мамырдың бірі.

Бірлік пен ынтымағы халықтың —

Көгімізде жарасқан жарық күн!

Ырыс, дәулет бақыты үшін халықтың,

Жайнай берсін, жайнай берсін алтын күн!

Жүргізуші:

Мы дружной семьею живем в Казахстане,

Татары, уйгуры и русские с нами.

Так пусть же крепнет во веки веков,

Дружба народов всех возрастов.

Большой сегодня шлем привет,

Тебе — брат, друг, сестра, сосед.

Улыбки, шутки, звонкий смех

Пусть радуют сегодня всех

Возьмемся за руки друзья,

Ведь мы единая семья.

Жүргізуші: 1, 2 топ тәрбиеленушілерінен флэшмоб.

Ведущий: Сегодня мы поговорим о разных народах и будем играть национальные игры. Послушайте загадку и угадайте о какой национальности идёт речь.

У этого древнего кочевого народа славное прошлое. Степь была для этого народа матерью, а небо — отцом. Выращивают пшеницу и сады, пасут скот на бескрайних степях. Богат этот народ на акынов. Национальный инструмент — домбра. А о каком народе идет речь, вы догадались. (Ответ детей — казахи)

Алдарыңызда Қалымхан Іңкәрдің орындауында «Өзбек биі». Қарсы алыңыздар!

Ведущий: Рабятта, а давайте поиграем в казахскую игру Платок с узелком («Орамал тастамақ») «Платок с узелком» — игра, доступная для детей дошкольного возраста (не менее 5-6 участников). Играют по правилам: Выбирают водящего, который передает одному из участников платок, завязанный узлом. Игроки встают в круг, а водящий становится по центру круга. Участники водят хоровод. Когда водящий крикнет «Стоп!», игроки бегут врассыпную. Водящий старается поймать участника с платком. Игрок с платком имеет право передать платок другому участнику и усложнить водящему задачу. Пойманный участник с платком получает задание спеть песню или рассказать стихотворение. Он автоматически становится водящим и начинает новую игру.

Жүргізуші: Балалар, әр халықтың өз ойыны бар, орыс халқының да «Бұлақ» ойыны бар.

Ойыншылар жұп болып бірінен соң бірі тұрып, қолдарын алып, бастарынан жоғары ұстайды. Ұсталған қолдар ұзын дәліз жасайды. Жұпты алмаған ойыншы «ағынның» көзіне барады және қолдарын ұстай отырып, жұпты іздейді.

Қол ұстасып, жаңа жұп дәліздің соңына қарай жол тартады, ал жұптары бұзылған адам «ағынның» басына барады... Ал, қол астынан

өтіп, өзіне ұнағанын алып кетеді. (Музыка дыбыстары)

Жүргізуші: Ойын үшін рахмет, мына бір әуенді тыңдап көріңіздер. Балалар, қалай ойлайсыздар, бұл қай ұлттың әуені?

Жүргізуші: Дұрыс, бұл корей халқының әуені. Сіздермен корейлік «Гонги» ойынын ойнайық.

Тастарды қолданатын тағы бір ойын. Бұл жағдайда еденге бес немесе одан да көп қиыршық тастардың түсуінен басталатын бірнеше қиындық деңгейлері бар, содан кейін ойыншы олардың біреуін таңдап, оны ауаға лақтырады және осы уақыт ішінде екінші тасты тез алады, еденнен, содан кейін ол алдымен ұстауға үлгеруі керек.

Екі тасты алақанында ұстап тұрған ойыншы тағы біреуін лақтырып, екіншісін еденнен алып, ұшып бара жатқан тасты ұстап алады. Барлық қиыршық тастар ұсталғанша осылай жалғасады. **Жүргізуші:** Келесі ойын Шотландия ойыны «Досынды киіндір» деп аталады.

- Конустармен «Бастау» және «Аяқтау» деп белгілеңіз. Мәре сызығында орындыққа киім-кешектерді орналастырыңыз: қалпақ, шарф, куртка, қолғап және т.б. Тапсырма барлық заттарды жинап, екі команда, екі шкаф және екі бала болады. Қалғандары заттарды әкеледі. Бірінші ойыншы мәре сызығында

«шкафқа» жүгіреді, тек бір нәрсені алады, қайтып келеді және таяқшаны келесіге береді. Екінші ойыншы келесі нәрсеге жүгіріп жатқанда, басқа топ мүшелері әкелінген затты ойыншыға кигізеді. Барлық заттар салынған кезде, «жиналған» дос мәре сызығына жүгіріп, кері оралады. Содан кейін реле аяқталды деп саналады. Досын бірінші киіндірген топ жеңеді.

«Допты беріп жібер»

Балалар екі командаға бөлінеді. Әр команданың ойыншылары бірінен соң бірі бағанға сапқа тұрады. Бірінші қатысушылар қолдарында доп ұстайды. Көшбасшының белгісі бойынша әр команданың бірінші ойыншысы допты өзінің артындағы, басынан жоғары тұрған ойыншыға береді.

Топтағы соңғы адам допты қабылдап, бағананың басына қарай жүгіреді, бірінші тұрады және допты оның артындағы келесі адамға, сонымен қатар оның басынан асырып береді. Біріншісі өз орнына оралғанша осылай жалғасады. Ойынды бірінші аяқтаған команда жеңеді.

Алдарыңызда үшінші топ тәрбиеленушілерінің Гномик биін қарсы алыңыздар!

Жүргізуші: Осымен 1 мамыр — Қазақстан Халықтарының Бірлігі күніне арналған мерекелік іс-шарамыз аяқталды. Мереке құтты болсын!

Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз

Құралдар: Музыкалық аппаратура, микрофон, стенд, презентация.

Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілік, бірлік, ұлтжандылық сезімдерімен Қазақстанда тұратын барлық халықтарға құрмет сезімін тәрбиелеу. Тәуелсіз еліміздің білімді, адал, өнегелі, алғыр азаматтары болуға баулу.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар және қонақтар! Еліміздің тәуелсіздік күні баршамызға Құтты болсын! Мемлекетіміздің өсіп-өніп, шынға жетіп өркендеуі — біздің жетістігіміз, сондықтан бүгінгі «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» атты салтанатты жиынымызды ашық деп жариялаймыз!

Жүргізуші: Добрый день, дорогие учителя, учащиеся и наши гости! Мы находимся в преддверии радостного события, праздника объединяющего всех граждан нашего многонационального государства. Торжественный праздник, посвященный, Дню независимости Республики Казахстан объявляется открытым!

Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

Жүргізуші: Құттықтау сөз мектеп директорына беріледі.

1991 жылы 16 желтоқсанда еліміздің Тәуелсіздігі туралы заң қабылданды. Содан бері бұл күн «Тәуелсіздік күні» мерекесі болып аталып келеді. Тек Тәуелсіздіктің арқасында ғана бұл күндері Қазақстанды барлық ел біледі. Ғасырлар бойы ата-бабамыздың аңсап кеткен, біздің қолымыз жеткен Ұлы мерекеміз — Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні құтты болсын!

Жүргізуші: Летопись современного Казахстана начинается с 16 декабря 1991 года. В этот день Казахстан объявил себя Независимым суверенным государством. 33 года назад, обретя свою независимость, Казахстан открыл новую страницу в своей истории: укрепил, достиг больших результатов в своём развитии. Казахстан, встав на новый путь развития, воплотил вековые мечты народа о свободе. Народ впервые вновь приобрёл возможность развивать свою культуру, язык, веру, религию и традиции. Сегодня каждый гражданин республики гордится своей независимостью. Независимость нашей страны — это самое святое приобретение казахстанского народа.

«Балбырауын» күйі орындалады.

«Тәуелсіздік тұғыры» өлеңі оқылады:

Тәуелсіздік — бұл менің бостандығым,

Он алтыншы желтоқсан тосқан күнім.

Ұрпақ көрсін еркіндікті деп күрескен,

Алты алаштың баласы қосқан үнін.

Тәуелсіздік — бұл менің қазақтығым,

Келді кеше аңсаған азаттығым.

Желтоқсанның ызғарлы аязына,

Барлық қазақ өткізді азап күнін.

Тәуелсіздік биіктегі тұғырым,

Есте сақтап қаламын тәуелсіздік ұғымын.

Абыройы асқақтаған азат елім,

Қазақстан Отанымның ұлымын.

Тәуелсіздік — бұл менің амандығым,

Тәуелсіз ел Қазақстан саналатын.

Тарихының тамырынан бастау алып,

Тәуелсіз боп мәңгілікке бара алатын.

Праздник в Казахстане

Мы радостно встречаем,

И с Днем независимости

Вас мы поздравляем!

«Тәуелсіздік» өлеңі. Қайрат Әлімқұлов

Тәуелсіздік — тартуы ол тәңірдің,
Тәуелсіздік — маңдайдағы бағым бұл.

Тәуелсіздік — сыбағасы халқымының,

Тәуелсіздік — таймайтұғын тағым бұл.

Тәуелсіздік — бабам берген аманат.

Тәуелсіздік келешектің кепілі.

Тәуелсіздік жүрмін сені бағалап,

Тәуелсіздік өткен күннің өтілі.

Тәуелсіздік — тәубе екен бүгінде.

Тәуелсіздік — тәубе сенің барыңа,

Тәуелсіздік әр сәбидің үнінде.

Тәуелсіздік әр қазақтың жанында!

«Алға, Қазақстан!» әні орындалды.

Жүргізуші 1: Қазақстан Республикасында 130-дан астам ұлттар өмір сүреді. Әр халықтың тілі қайнар судың тұнбасындай мөлдір, сазды дыбыстарға бай, ұлттың тілі, әні, үні болып шалқар дариядай шалқуда.

«Көк тудың желбірегені» әні орындалады.

Жүргізуші: Осымен Тәуелсіздік күніне арналған концертіміз аяқталды. Сау болыңыздар! Келесі кездескенше!

**Нургуль Мутапқызы
МАХМЕТОВА,**

**Шығыс Қазақстан облысы
Білім басқармасы «Ақ ниет»
мектеп-интернаты» КММ
тәрбиешісі.
Өскемен қаласы.**



Республика күні



**Ақерке
Махмутқызы
САТПАЕВА,
Шығыс Қазақстан
облысы Білім
басқармасының
«Ақ ниет» мектеп-
интернаты» КММ
тәрбиешісі.
Өскемен қаласы.**

Жүргізуші:

Республика күнімен құттықтаймын,
Егеменді, тәуелсіз қазақ елін.

Тыныштығың сақталып, қуаныш-
шың,

Жарқырай бер, жайнай бер ғажап
елім.

Жиырма бесі қазанның мереке бұл,
Республика күні елім құтты болсын.

Қазағымның әр үйі қуанышта,

Саулықтары лайым мықты болсын!

- Армысыздар құрметті әріптестер
және «Ақ ниет» мектеп-интернаты-
ның тәрбиеленушілері еліміздің Рес-
публика күні баршаңызға құтты бол-
сын! Бүгін еліміздің ең маңызды ме-
рекелерінің бірі — Қазақстан Респуб-
ликасының күніне арналған мерекелік
шараға қош келдіңіздер!

Ведущий: Добрый день, уважаемые
учителя и ученики! Сегодня мы соб-
рались отметить светлый праздник
нашей страны Республики Казахстан!

Мы находимся в преддверии ра-
достного события, праздника объеди-
няющего всех граждан нашего мно-
гонационального государства. Тор-

жественная линейка посвященный,
ко Дню Республики Казахстан объяв-
ляется открытым!

Жүргізуші: Қазақстан Республика-
сының **Әнұраны** орындалсын!

Ведущий:

Казахстан — это имя страны,
Казахстан — это имя свободы,
Казахстан — это солнечный свет,
Казахстан — это крылья побед!

На сцену приглашаем учеников на-
чальных классов со стихотворениями.

«Мой Казахстан» әні орындалады.

Жүргізуші: Қазақстан Республикасы
1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсізді-
гін жариялады. Бірақ Республика күні
25 қазанда, яғни 1990 жылы біздің елі-
міздің мемлекеттік егемендігі туралы
декларация қабылданған күні аталып
өтеді.

Жүргізуші:

Қазақстан, Қазақстан-ұлы анам
Есіміңді естігенде қуанам
Қазақстан — қиял жетпес биік тау,
Қазақстан — жазғы күнгі гүл алаң! -

Ведущий:

Пусть птицы весело звенят,
Ввысь беркуты взмывают,
Своей землей гордиться рад,
Пусть каждый это знает!

Жүргізуші:

Көк аспандай көкпеңбек,
Қазақстан жалауы.

Көк емес ол тектен-тек,
Елдің ашық қабағы.

Алдарыңызда 4-сынып тәрбие-

ленушілерінің *орындауында «Алға Қазақстан» бii.*

«Атамекен» әні хормен орындалады.

Жүргізуші:

Байтақ дала жерім менің
Арта берсін даңқың сенің
Көк байрағың желбіресін
Егеменді елім менің, - дей отырып,

құрметті қонақтар, балалар, Қазақстан Республикасының күнімен баршаңызды құттықтаймыз!

Біздің еліміздің болашағы жарқын, тәуелсіздігіміз мәңгі болсын! Осымен Республика күніне арналған салтанатты жиынымыз аяқталды. Сау болыңыздар! Келесі кездескенше!

Абайдың қара сөздері

Мақсаты: Балалардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату;

Абайдың ұрпаққа айтқан нақыл сөздерін бойына дарыту, қарасөздер арқылы сөздік қорларын молайту;

Екі топқа бөле отырып сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.

Барысы.

1-жүргізуші: Армысыздар, құрметті қонақтар! Ұлы ақын Абай атамyzдың қарасөздеріне арналған ашық тәрбие сағатына қош келдіңіздер!

Жүргізуші: Абай Құнанбайұлы 1845 жылы дүниеге келген. Абай ауылда мұсылманша хат таныған әжесі Зеренің тәрбиесінде болып, аңыз әңгімелер тыңдап өскен. Абайды әкесі Семей қаласындағы Ахмет ризаның медресесіне оқуға жібереді. Абай медреседе не бары үш-ақ жыл оқиды. Он үшке толып ақыл ойы толыса бастағанда өткір зейінді Абайды әкесі Құнанбай ел билеу ісіне араластырып тәрбиелемек болып, оны оқудан ерте алып кетеді. Әкесінің жұмсауымен Абай ел ішінде-

гі әр түрлі мәселелерге араласады.

Ол көптеген ескі әңгімелерді, өлең жырларды халық ішінен үйренеді.

1890-1898 жылдары жазылған бір алуан шығармалары Қарасөз деп аталады.

Жалпы саны қырық алты Абай қарасөздерінде қандай түйінді сөз айтпасын, онда имандай шынын жасырмағандығы, ішкі еркіндігінің шексіздігі байқалады. Абайдың қарасөздері — оның ақындық мұраларына қосылған бағалы қазына. Абай халқымыздың мақтанышы ғана емес, біздің ұлттық ұранымыз. Оның өлмес мұрасын өзіміз танып, сосын әлемге таныту — біздің ғұмырлық парызымыз. Өйткені Абайды әлемге таныту — әлемге қазақты таныту деген сөз. Сөзді алдымен топтар өзінен таныстырудан бастайды.

Алғырлар тобының сәлемдесуі тыңдалады.

Оқушы:

Абай жаққан бір сәуле сөнбесін деп,

Қоламтаны үрледім өрлесін деп,
Алайық үлгі өнеге ұлы ақыннан.
Екі топта тұрмыз ғой бір кемеде,
Шарықтасын ойымыз лаулай бер-
сін, - деп саған сәлемімді жолдай кел-
дім.

Ұраны: Мал жұтайды өнер жұтамай-
ды

Тапқырлар тобы.

Ұраны: Өнер алды – тірлік,

Ырыс алды бірлік.

Сәлемдесуі тыңдалады.

Оқушы:

Сәлемінді алғырлар қабылдаймыз,
Біз бүгін қас тұлпардың бабындай-
мыз.

Абай – дария шөмішпен қалқып ал-
дым,

Ашайын мен өзіңе сыр қоймасын,
Абайдай бір туарым қартаймасын,
Менде саған тілеймін жақсылықты,
Қазаны білімнің ортаймасын.

Әжесі Зере мен анасы Ұлжан хал-
қын ел жұртын сүйер мейрімділік-
ке, үлкен жүректі ұлылыққа баулиды.
Зере Абайға ел тарихын айтып, хал-
қының тұрмыс тіршілігімен танысты-
рып, жақсы мен жаманды айыра білу-
ге үйретеді. Зере әженің тәрбиесінде
болған ұлы ақынның балалық шағы-
нан көрініс.

Кел, Абайжан, қоңыр қозым, қы-
мыз ал!

- Әже, бұлдыр-бұлдыр күн өткен,
бұрынғыда кім өткен?

- Е, балам, сенің арғы аталарың өз
заманының беделдісі, ел басқарған,
нағашыларың да сөзге шебер болған
дана адамдар. Адам баласы ақиқатты
іздейді, соған талпынады. Егер оның
іс-әрекеті, ақыл-ойы неғұрлым ақи-

катка жақын болса, ондай адамның
қалдырған ізі де жарқын болмақ. Хал-
қына жақын жақсы адам үнемі жар-
қырап тұратын асыл тас сияқты. Шын
асылдың асылдық қасиеті жоғалмай-
ды.

- Мал жұтайды, өнер жұтамайды,
оқуды өнер-білімнен үйрену керек
екен ғой!

Өнерді оқу-білімнен үйренген Абай
артына мол қазына қалдырып кетті:

Ызалы жүрек, долы қол

Улы сия, ащы тіл,

Не жазып кетсе жайы сол,

Жек көрсеңдер өзің біл.

Он жетінші қара сөзінен үзінді. Ыс-
тық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Жүрек: Мен адам баласын алала-
маймын, жақсылыққа елжіреп еритұ-
ғын мен, жаманшылықтан жиреніп,
тулап кететұғын мен, әділет-нысап,
ұят, рақым мейірманшылдық дейтұ-
ғын нәрселердің бәрі менен таралады.
Ей, ақыл! Амал да, айла да - бәрі се-
нен шығады. Жақсының, жаманның
екеуінің де іздегенін тауып беріп жү-
ресің, соның жаман.

- Ей, қайрат, кейде жақсылықты
берік ұстап, кейде жамандықты берік
ұстап, кетесің, соның жаман.

Ортаға ой таластырған үшеуге әділ
төрелік айтуға Білім ата келеді. Басына
шалма ораған, ойлы, қолында кітап.

Білім: Сенің үшеуіңнің басынды
қоспақ – менің ісім. Осы үшеуің ба-
сынды қос, соның ішінде жүрекке би-
лет.

1-оқушы:

Құлақтан кіріп, бойлы алар

Жақсы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар

Әнді сүйсең, менше сүй.

2-оқушы:

Көзімнің қарасы,
Көңлімнің санасы.
Бітпейді іштегі
Ғашықтың жарасы.
Қазақтың данасы,
Жасы үлкен ағасы.
Бар демес сендей бір
Адамның баласы.

3-оқушы:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол-үшеуінің жөнін білмек.

4-оқушы:

Абайға арнау
Абайды құрмет тұтып басқан алға,
Жас жүрек жыр жазудан жасқанар ма?

Дәл өзіндей айбынды ақын болу -
Арман болып қалмақ тек басқаларға.

Сен жазған саф өлеңнің қымбат бөрі,
Пәктігі сәбидейін құндақтағы.
Оқыған жанға бірден сезіледі -
Жүрегінде таусылмас сыр жатқаны.

Қастерлісін халқының жат танысын,
Қасиетінде көп сырдын жатқанышын.

Қара сөздің киесі қонған Абай
Қазақтың кайсар рухты мақтанысын.

(«Алғырлар» тобына сұрақтар қойылады)

1) Абайдың жиырма тоғызыншы қарасөзінде не жайында айтылған?

расөзінде не жайында айтылған?

2) Қыс мезгіліне арналған өлеңін жатқа айтындар.

3) Қырық үшінші қарасөзін жатқа айтындар.

4) Қандай күйлерін білесіндер?

5) Бесінші қарасөзінде не айтылған?

6) Абайдың табиғат лирикасына арналған өлеңдері қай жылдары жазылған?

(«Тапқырлар» тобына сұрақтар қойылды)

1) Абайдың жетінші қарасөзінде не жайында айтылған?

2) Абайдың немере інісі кім?

3) Он төртінші қарасөзінде не жайында айтылған?

4) Абайдың қандай поэмасын білесіндер?

5) Отыз бірінші қарасөзінде не жайында айтылған?

6) «Абай-қазақтың бас ақыны» дегенді кім айтқан?

(Бата беріледі.)

Бата — біздің салтымыз,

Жақсы оқу-антымыз.

Кеуде толсын білімге,

Артында қалсын алтын із.

Пайдаң тисін еліңе,

Риза болсын халқымыз.

«Бес» болсын алар бағамыз,

Білімнен бағыт табамыз.

Өнер-білім көп тоқып,

Өсе берсін санамыз.

Ләззат ЖЕКСЕМБАЕВА,
«Облыстық арнаулы әлеуметтік
қызметтерді қажет ететін
балаларды қолдау орталығы» КММ
тәрбиешісі.
Алматы қаласы.

Шыңғыс ханның төрт бөрісі

Интеллектуалды ойынның мақсаты – өткен тақырыптарды қайталау, ойлау қабілеттерін дамыту, ата-бабалар тарихын терең білуге жәрдемдесу. Сонымен қатар «Шығыстың ұлылары» сериясымен шыққан тарихи-көркем әдебиеттерді оқуға насихаттау.

Шара үш бөлімнен тұрады:

1. «Қазақ хандарының атасы» бөлімі – Шыңғыс хан өміріне байланысты сұрақтарға арналды;

2. «Алтын әулет» бөлімі – ханның ұлдары Жошы, Шағатай, Үгедей мен Төлеге арналды;

3. «Ұлық Ұлыс» бөлімі – сол дәуірдің тарихи оқиғаларына арналды.

«Қазақ хандарының атасы» бөлімі

1-топқа сұрақ:

1. Моңғол империясының негізін қалаушы?

2. Шыңғыс хан туылған кезде оған қандай есім берді?

3. Шыңғыс ханға ең жақын адамы жалайырдан шыққан?

4. Темучин Шыңғыс хан боп қай жылы сайланды?

5. Шыңғыс хан Жетісудағы түркі халқын өзіне тарту үшін нені басылыққа алды?

2-топқа сұрақ:

1. Шыңғыс ханның әкесі?

2. Шыңғыс ханның заңдар жинағы?

3. Неліктен Шыңғыс хан жаулап алушылар жолына түсті?

4. Шыңғыс хан қай тайпадан шықты?

5. Шыңғыс хан қай жылы қайтыс болды?

«Алтын әулет» бөлімі

Моңғол шапқыншылығынан кейін Қыпшақ даласында құрылған жаңа мемлекет – Жошы ұлысы. Жошы – Қоңырат қызы Бөрте бәйбішесінен туған. Ертістен бастап, Орал тауының аралығы және одан арғы батысқа қарай жерлер тиді. Ордасы Ертіс өзені бойында орналасады. Ұлытауда қайтыс болған, Жезқазғаннан 45 шақырымдай жерде Кеңгір өзенінің сол жағасында Жошының мазары сол күйі әлі тұр. Өмірінде 60-тан аса ірі шайқастарға қатысып, 200-ге жуық қала, қамалды бағындырған батыр.

«Алтын әулет» 1-топқа сұрақ:

1. Жошының балалық шағы қайда өтті?

2. Жорық ісіне араласуы қашан басталды?

3. Жошы ханның өмір сүрген жылдары?

4. Кетбұға күйші әмірші сарайында неге отыр? Оны ажалдан арашалап алған қандай құдірет?

5. Шешесінің есімі?

6. Әкесінің ұсынысымен қай даланы өз үлесіне алды?

7. Қазақ хандарының түпкі-тегі кімнен басталады?

8. Шыңғыс хан баласы Төле билік құрған жер?

9. Темучин Шыңғыс хан боп сайланған жыл?

10. Жошы ханның үлкен ұлының есімі?

«Алтын әулет» 2-топқа сұрақ:

1. Шыңғыс ханның Бөртеден туған ұлдары?

2. Шағатай әулеті қай жерлерге билік етті?

3. Алтын Орданың негізін қалаушы, Шыңғыс ханның немересі?

4. Шаңырағы қазақ даласында көтерілген алғашқы ұлы держава?

5. Шыңғыс хан бүкіл империясын қай баласына қалдырды?

6. Түркі әлемінде қолданылатын жазба түрік тілі қалай аталды?

7. Қандай ежелгі тайпалар Шағатай ұлысының билігінде болды?

8. Мазары қазақ жерінде орналасқан, қазақ топырағында жерленген Шыңғыс хан ұрпағы?

9. Жошы ұлысы Дешті Қыпшаққа кірген қай тайпалар негізінде құрылды?

10. Қазақстан аумағы Моңғол империясының үш ұлысының құрамында болды, олар кімдер?

«Ұлық Ұлыс» бөлімі

Конверт сұрақ:

1. Хантаалапай деген не?

2. Қазақ сөзінің мағынасы?

3. «Ақсүйектілер» мен «қарасүйектілер» деген кімдер?

4. «Билер кеңесі» дегенді қалай түсінесіз?

5. Хан, қолбасшы, Кіші жүз ханы. Мұрагерлік жолмен емес, өз беделімен Кіші жүздің ханы болды. Бұл хан кім?

6. Қазақ Ордасының ханы, қазақ мемлекетінің тарихында аса көрнекті мемлекет қайраткері, арғы тегі Жошы хан, бергі аталары Әз Жәнібек, ер Есімхан, Салқам Жәңгір хан. Бұл хан кім?

7. Тарихта оның есімі Қазақ хандығының күшеюі, нығаюымен байланысты. Қазақ ханы Жәнібек ханның баласы?

8. Қазақ хандығының құрылған кездегі жері Қозыбасы мен Шу аймағы болғандығын хабарлаған тұңғыш тарихшы?

9. Жәнібек пен Керей хан Жетісуға ауған кезде халықпен ақылдасып, кеңеспедің деп: «Жемде кеңес қылмадың, Жемнен де елді көшірдің», деп ханды жазғырған, XV ғасырда Қазтуған жыраумен есімі қатар аталған жырау?

10. Орта ғасырда 1530-1605 жж. өмір сүрген ғалым, би, тарихшы, «Жәми ат Тауарих» (Шежірелер жинағы) авторы?

Екі топтың ұпайлары есептеледі, ойын қорытындыланады.

**Жаңылсын Есмырзақызы
СУХАНОВА,**

**«Атырау қалалық
орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі» КММ-не
қарасты №7 қалалық кітапхана
менгерушісі.
Атырау қаласы.**



Туған өлке – тұнған тарих

Атырау қаласының 384 жылдығына арналған нон-фикшн сценарийі

Мақсаты: Өз болашағына батыл қадам жасайтын жастарды өз өлкесінің ежелгі тарихы, киелі жерлері, ұлы тұлғалары туралы ақпараттармен таныстыру.

Нон-фикшн — дәйекті материалдарға, нақты факторларға жүгіне отырып жазылған тарихи деректермен оқырманды таныстыру.

Әлемде қай ел, қай аймақ болмасын оның бүгіні мен ертеңімен қоса ықылым заманғы өткені, соған сай қилықилы оқиғаларға толы таңғажайып тарихы бар. Баяндалатын тарихтың әр парағы елдік пен ерліктің, халықтың салт-дәстүрі мен мәдениеттің, сәулет өнері мен экономикасы туралы деректерге толы.

Шара арнайы үш бекетке бөлінді.

I бекет — «**Сарайшық тұнған тарих**»;

II бекет — «**Көне Гурьев келбеті**»;

III бекет — «**Атырау ардақтылары**».

I-бекет — «Сарайшық тұнған тарих»

Еділ мен Жайық өңірі тарихының ұлы парағы — Ноғайлы мен Қазақ ордасының астана қаласы Сарайшық туралы ақпарат.

Сарайшық қалашығы — Атырау облысындағы республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енген бірегей археологиялық ескерткіш болып табылады. Ол Атырау қаласынан 50 км жерде, Махамбет ауданы Сарай-

шық ауылы тұсындағы Жайық өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан. Мерзімі 13-14 ғасырларды құрайды. Қалашық аумағы 100 гектардан астам жерді алып жатыр.

Сарайшық қалашығы зерттеушілердің жазбаларында да 18 ғасырдың екінші жартысынан бастап кездеседі. Алайда, археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын 1937 жылы Н Арзютов, 1950 жылы ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы Ә.Марғұлан жүргізеді. Одан кейінгі ғылыми жұмыстар 1996-2009 жылдары Ә.Марғұлан атындағы археология институтының Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясымен (жетекшісі З. Самашев) жүргізілді.

Сарайшықтың пайда болуы туралы бірнеше дерек бар. Соның ішінде Әбілғазы Баһадурханның шежіресіне сәйкес, қалашық Алтын Орда дәуірінде Батый мен оның бауыры Берке ханның тұсында 13 ғасырдың екінші жартысында пайда болған. Сарайшық 300 жылдан астам уақыт Батыс пен Шығыс елдерін жалғастырған Жібек жолының бойында саяси-экономикалық маңызы бар қалалардың бірі болды. Ол алғашында Алтын Орданың басты қалаларының бірі болса, кейін Ноғай Ордасының, 16 ғасырдың бас кезінде Қасым ханның тұсында қазақ хандығының астанасы болды.

Сарайшық Алтын Орда астанасы Сарай Бату қаласынан кейінгі үлкен

қалалардың бірі әрі мұсылман діни басшыларының орталығы болған қала. Осыған орай, ол жерде хандар, Мұхаммед Пайғамбардың ұрпақтары деп саналатын сейіттер мен шейхтер, молдалар мен қажылар, хафиздер өмір сүрген.

Сарайшық пантеоны билеушілер мен атақты адамдарды жерлейтін киелі орын болған. Оның ішінде Қасымхан да жерленген. Азия мен Европаны жалғастырған сауда керуен жолының орналасуы қос құрлықтың мәдениеті мен өнерін бірдей қабылдаған қаланың дамуын тездетті. Кезінде сәулеті көз тартар құрылыстар көп болған. Ел аузында Жәнібек хан салдырған Секер көлі туралы аңыз сақталған. Сондай ақ өткен 19 ғасырдағы зерттеушілердің дерегіне сүйенсек қалашық аумағында жергілікті мұсылмандар оның ішінде қазақтар киелі санаған 3 әулиенің жерленген жері болған.

II бекет – «Көне Гурьев келбеті»

Атырау облысы 1938 жылы 15 қаңтарда құрылып Каспидің солтүстік жағалауын алып республикамыздың батыс жағында орналасқан. Облыс аумағы 458,6 мың шаршы шақырым. Облыста 7 аудан бар. Қызылқоға, Индер, Махамбет, Құрманғазы, Исатай, Мақат, Жылыой аудандары.

2024 жылдың 1 тамызындағы статистикаға сүйенсек 708,6 мың адамды құрады. Атырау облысы Каспий маңы ойпатына орналасқан.

Облыс қойнауы мұнай мен газға, калий мен натрий тұздарына, борат және басқа кен орындарына толы.

Облыс аумағындағы ірі өзендер Жа-

йық — жалпы ұзындығы 2428 км, Жем — 712 км, Сағыз — 512 км, Ойыл — 800 км және облыстағы ірі көл Индер көлі — 110,5 ш.м.

Қаламыздың негізі 1640 жылы қаланды. Кейбір ғалымдар 1645 жылы деп айтып жүр. Тарих ғылымдарының докторы Хисмет Табылдиев 1640 жылды ұстанады. Бұрын «Жайық тас қалашығы», «Үйшік», «Гурьев», кейін 1991 жылдан бастап Атырау деп өзгертілді. «Атырау» деген сөздің негізгі мағынасы: өзен сағасы тармаққа бөлінгені, сумен, топырақпен қоршалған жер алқабы.

Гурьев балық өндірісі келгенше қаланың орнында не болды?

14-ғасырда Италиян саяхатшысы жасаған картада Жайықтың бойында Лаэти қалашығы көрсетілген. Теңдіктің тұсында осы жерде қолөнершілер қоныстанған екен. Қазіргі Ақтөбе Лаэти деп аталған.

14-ғасырда Каспий тасығанда тұрғындар көшіп кеткен. Олардың асықпай көшкендігі өрттің ізінің жоқтығынан, ыдыстың, адам сүйектерінің табылмауынан байқалады.

Жайық казактары 16 ғасырдан бастап бекіре балығын аулай бастаған. Купец Гурий келгенге дейін ақ тастан салынған шіркеу болған екен. 1630 жылдары Жайық сағасында бірнеше үйшіктер балық ұстау оны аулау үшін ағаш шарбақтар болған. Гурьев қалашығы бастапқыда қазынадан емес Михайл Гурьевтің күшімен салынды, яғни Алтын Орда татарлары Сарайшыққа қожа болғаннан бұрын салынды.

Атырау облысында тарихи және мәдениет ескерткіштері

1. Иманқара кешені

Жылыой ауданы Ақкиізтоғай жерінде Иманқара тауында орналасқан. Таудың ұзындығы 2 км ені 300 м биіктігі 200 метр. Жазық далада ерекше асқақтап көрінеді. Иман сөзі биік ұлы, қасиетті, ал қара сөзі алыстан қарауытып көз ұшында тұр деген мағына. Жанында ақ ұлу, бор тастан жасалған кішігірім төбелер орналасқан.

2. Ақтөбе Лаэти қалашығы

Томарлыдан шығысқа қарай 2 км жерде орналасқан. Ең алғаш 1965 жылы қазба жұмыстары жүргізілген. қалашықтың көлемі 200-80 метр. 14-ғасырға жататын алтын тиын, құмыралар керамика ыдыстары табылған. Соған қарағанда ортағасырларда Алтын Орда қалаларынан шыққан керуендер Хорезм, Иранға Ақтөбе арқылы өткен. 13-15 ғасырларда Алтын Орданың гүлденген қалаларының бірі болған. Қалашық ертеректе моңғолдардың Алтын орданың портты қаласы болған. Кейін теңіз су басып адамдар да малдар да қырылған. Шашылып жатқан сүйектер соның белгісі.

3. Аралтөбе қорғаны

Қорым төрт бөлікке бөлінген. Жылдың төрт мезгілін білдірсе керек. Тағы да 12 күн шапағы тәрізді 12-ге бөлінген, яғни жылдың 12 айы. Бұл жерден табылған жәдігерлерге қарап (жебе, темір қылыш) 4-5 ғасыр қылыштың пайда болу кезеңі болса, Жылой өңірінен табылған қылыштарды төрт бес ғасырға жылжытып осы өңірді мекендеген сарматтар тарихымен байланыс-

тырамыз. Қорғанның ортасында ұзақ жағылған оттың ізі бар. Алтын киімді адам табылған, яғни біздің дәуіріміздің 129 жылы деп тұжырымдайды.

4. Қорғанша қаласы

Қызылқоға ауданы Қаракөл ауылының солтүстік шығысында 15 км жерде орналасқан. Қалашық туралы көп деректер жоқ. Тек сақталған аңыз түріндегі, жыр дастандар бар. Яғни қорған болған жаугершілік заманда. Ортасындағы ашық алаңға мал қамалған. 15-18 ғасыр деген ақпарат бар. Зар заман ақыны Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян» толғауында Асан қайғы қорғаншада қызыл тастан үй салдырып 10 жыл қоныс қылды деген жері бар. 1819-1875 жылы Қорғаншаны Әбілхайырханның баласы Нұралы хан салдырды деген ақпарат бар.

6. Таскешу керуен сарайы

Мақат ауданы шығысқа қарай 38 км жерде Сағыз өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Ежелден Ноғай жолы деп аталған, яғни Жібек жолының бір тармағы. Алтын Орда дәуірінде пайда болған. Табылған жәдігерлерге қарап 1312-1359 жылдары Өзбек ханның және ұлы Жәнібек ханның тұсында соғылған. Сағыз өзенінің сол жақ жағалауында тас көпір өткелі орналасқан. Таскешу деген атау тас көпірден қалған. Шыңғыс ханның бір ұлы салдырған деген ақпарат бар.

7. Успен соборы

Көпес Федот Тудаков және жұбайы Иринаның қаражатына 1888 жылы тұрғызылған. Жалпы аумағы 230 кв м Сыйымдылығы 900 адам. Жаманқала яғни Махамбет ауылы тұсындағы көл-

дің маңынан жергілікті тұрғын дуадақ құсының ұшқан жеріне барып қараса жерде бала жатыр дейді. Осыдан кейін асырап алып ер жеткізеді. Есімін дуадақ құспен байланыстырып тудак болған. Одан туған 5 бала Тудаковтар әулетін жалғастырады. Федот саудамен айналысып осы шіркеуді салған.

Өлкеміздегі қорымдар:

Қарашүңгіл, Ақмешіт, Ұшқан ата, Алып Ана, Алтын, Жаналы қорымдары, Дүйсеке мешіті, Құлшан ата жер асты мешіті, Қармысұлы Байбақты жерленген жер, Жұбан мазары, Мәтен Қожа, Ыбырайұлы Сұлтануайыс әулие, Оңай ата, Махамбет Өтемісұлының жерленген жерлері де тарихи-мәдени ескерткіштерге жатады.

III бекет – «Атырау ардақтылары»

Биыл атақты қолбасшы, қарапайым құлдан мемлекет билеушісіне дейін көтерілген Сұлтан Бейбарыстың туғанына 801 жыл толып отыр. Ол ислам әлемін күрескерлердің шабуылынан және моңғол шапқыншылығынан құтқарды. Заң саласында бұрын-соңды болмаған өзгеріс енгізді. Ал оның әскери жаңалықтарын Еуропа мемлекеттері пайдаланды.

Бейбарыс құлдыққа қалай сатылды?

Сұлтан Бейбарыс (араб тіліндегі толық аты-жөні — әл-Мәлік әз-Заһир Рукн-әд-дин Бейбарыс I әл-Бұндуктари әс-Салих) — 1223 жылы Дешті Қыпшақ даласында дүниеге келген. Тарихи деректерге сәйкес, Бейбарыс қыпшақ тайпасының Беріш руынан шыққан, туған жері — қазіргі Атырау облысы.

XIII ғасырдың 40-жылдарында

моңғол әскері Дешті-Қыпшақ мемлекетіне шабуыл жасап, болашақ сұлтанды тұтқынға алып кетеді. Ол кезде құл саудасы өркендеп тұрған. Әлемде көшпенділерден артық шабандоз болмады. Жас қыпшақтар құлдыққа сатылып, әскери дайындығын жақсарту үшін Ніл өзенінің ортасындағы аралға жіберіліп отырған.

Мысыр билеушілері мемлекетті қорғау үшін жергілікті халықты емес, көшпелі түркі жасақтарын қолданған. Түркі және кавказ текті тұтқындар ислам дінін қабылдап, сарай әскерінде қызмет еткен мысырлық әскердің негізгі қаймағы болды. Арабтар оларды «мәмлүк» деп атаған.

Фото-көрме арқылы төмендегі тұлғалар туралы ақпараттар беріледі:

Халық батыры — Исатай Тайманұлы;

Ақын, күйші — Махамбет Өтемісұлы;

Ақын — Әбу Сәрсенбаев;

Жазушы — Ғабдол Сланов;

Ақын — Зейнолла Қабдолов;

Ақын — Жүмекен Нәжімеденов;

Ақын — Хамит Ерғалиев;

Ақын — Фариза Оңғарсынова.

Қорытынды:

Әр адам үшін туған жері — кіші Отаны. Туған жердің тау-тасы, нулы орманы, өзені мен көлінің атауын білу, жұмбақ әлемге толы табиғаттың қырсырын, ата-бабамның ізі қалған киелі жерлердің атауымен ұлы тұлғалардың қалдырған мол мұрасы туралы білу болашақ ұрпақ үшін өте маңызды. Біз бүгін әр бекетке тоқтай отырып сол жұмбақ әлемге саяхат жасадық.

Шара соңы ақын Маржан Еришудың сөзіне жазылған, композитор Болат

Қохамановтың әні «Атырау-арман» әнімен аяқталады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Атырау облысында тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын киелі жерлері. — Атырау: «Ағатай баспасы», 2018, - 96 б.

2. Ғизатов Ж. Сарайшық — Астана қала. - Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2014, - 192 б.

3. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 6 том. Алматы. Қазақпарат, 2006. - 610 б.

**Жеміс Төлеуішқызы
ДЖАНГЛЫШЕВА,**
Атырау қалалық
орталық кітапхананың
оқырман қамту бөлімінің
менгерушісі.
Атырау қаласы.

Сыйынар ем, Ана деген пәңзірге

Мақсаты: Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, әндер, билер арқылы аруларды құттықтау. Анаға, аруларға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, әйелдер қауымын құрметтей, сыйлай білуге және де балалар бойындағы жеке қабілеттері мен таланттарын дамыту, адамгершілікті, ізгілікті, достықты қастерлей білуге тәрбиелеу.

Мерекелік музыка.

«Көктерек» ансамблінің орындауында «Біз өмірдің гүліміз» әні.

Фанфары.

Жүргізуші:

Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар.

Аналардан туған небір даналар.

Ана деген тіршіліктің тірегі,

Армысыздар, қасиетті аналар!

- Қайырлы күн, қымбатты аналар

мен арулар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, тағы да 8 наурыз — халықаралық әйелдер күні келді. Осынау көркем мерекенің кай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар — өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі.

Ведущий:

- Добрый день, дорогие наши милые дамы и конечно наши девочки. Мы собрались сегодня тут чтобы поздравить вас с этим чудесным весенним праздником 8 марта. Сегодня мы от всей души поздравляем дорогих, нежных, красивых, очаровательных женщин с весенним праздником!

С праздником женским

Мы вас поздравляем!
Концерт — наш подарок для вас —
Начинаем.

Жүргізуші:

Сіздерден өскен балалар
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен,
Құрметті абзал аналар,

- дей келе, құттықтау сөз кезегі мек-
теп директорына беріледі. Фанфар

Ведущий:

С днём 8 Марта!
С праздником весенним!
Льётся пусть повсюду
Звонкое веселье!

- Приглашаем наших девочек с тан-
цем «**Радуга желаний**»

Жүргізуші: Назарларыңызды экран-
ға аударсаңыздар.

Викторина для всех: в викторине
есть вопросы как серьезные, так и шу-
точные:

1. 8 Наурыз мерекесі ресми түрде
қалай аталады? (Халықаралық әйел-
дер күні)

Как официально называется празд-
ник, который отмечают 8 марта?
(Международный женский день)

2. Қазіргі заманауи блогерлар не тү-
сіреді? (Тик-ток Что снимают модные
блогеры? Тик-токи. (каз)

3. Что такое птичье молоко? (Кон-
феты)

4. У кого лучше спрашивать, кто на
свете всех милей? (У зеркальца)

5. Ертегідегі ханшайымға ұйықтауға
не маза бермеді? (Бұршақ)

Что не давало спать принцессе? (Го-
рошина)

Ведущий:

Я люблю твой звонкий смех, Мама,
Ты на свете лучше всех, Мама!
Двери в сказку отвори, Мама,
Мне улыбку подари, Мама! - деп
абзал аналарымыздың құрметіне «Ка-
мертон» тобын «**Мама**» әнімен

Ведущий: Игра-конкурс «**Красотка**».
Под музыку.

Жүргізуші: Аналар мерекесі кезін-
де табиғат жадырап, күн күліп, дархан
даламыздың барлық өңірі жылылық-
қа бөленеді! Осындай мерекелі күнде
жылы лебіздер тыңдағанға не жетсін!
Экранға назар аударыңыздар!

Жүргізуші:

Теңіздей тербетіліп көл бетінде,
Бишілер билеп кетті тербетіле.
Аққудай қалықтаған теңіздегі,
Бишілер өнерлерін көрсетуде, -
дей отырып келесі кезекті «**Музыка
ветра**» биіне береміз.

Ведущий: Игра для зрителей. «**Луч-
шая хозяйка**». На лэд-экране.

На экране список продуктов для из-
вестных блюд. Ваша задача — отгадать,
что можно приготовить из данных
ингредиентов.

Жүргізуші:

О, дана! Күй атасы — Құрманғазы!
Өр дауыс, асқақ арман топты жар-
ған.

Бір кезде аңсағаның алдан шығып,
Тартып жүр шын жанымен, ырғағы-
мен,

Күйінді «Балбырауын» жастар жар-
қын!

Ведущий:

Нет мудрее человека,
Чем бабулечка моя,
Я люблю ее котлеты,

И за чаем вечера,
Хорошо с ней и уютно,
Помогает мне во всем,
Пролетает время быстро,
Если с бабушкой вдвоем,
- Приглашаем наших воспитанни-
ков, шуточная сценка «Бабушки ста-
рушки».

Жүргізуші: «Әнді тап – Угадай пес-
ню». Конкурс для зрителей. Нужно
угадать название песни.

Ведущий: Мы в Женский день вас
поздравляем и вам желаем от души,

Чтоб с каждым днем вы расцветали,
всегда чтоб были хороши!

Пускай здоровье крепким будет, и
скажем вам без лишних слов:

Пусть ваше сердце не забудет таких,
как мы, учеников!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, біз-
дің бүгінгі мерекелік кешіміз өз мәре-
сіне жетті. Келе жатқан мереке құтты
болсын! Шуақты күндерде кездескен-
ше! Көңіл қойып тамашалағандары-
ңызға көп - көп рахмет! 8 наурыз құт-
ты болсын! Тағы да мерекелеріңізбен,
Қымбатты арулар!

Асем КУНАНБАЕВА,
Шығыс Қазақстан облысы Білім
басқармасының
«Ақ ниет» мектеп-интернаты» КММ
тәрбиешісі.
Өскемен қаласы.

Туған тілім – тірлігімнің айғағы

Мақсаты:

1. Оқушыларды тілін сүйге, қадір-
леуге, құрметтеуге үйрету;

2. Тіл құдіретін, қасиетін түсіне бі-
луге баулу.

Көрнекілігі: рәміздер, нақыл сөздер.

Барысы:

- Балалар, қыркүйек айының 24
жұлдызы – «Қазақ тілі – мемлекеттік
тіл» дәрежесін алған күні. Соған орай,
Республикамызда Тілдер апталығы
өтуде. Апталыққа бізде өз үлесімізді
қосайық. «Халқын сүйген – салтын
да сүйер» дегендей, мұндай мереке бір

халықтың, ұлттық байлығы. Сондық-
тан біз оны қадірлей де, қастерлей де
білейік.

1-оқушы:

Тілім менің –

Тұтастығым елдігім, үйім менің,
Ел қорғаған ерлерге рух берген,
Осы тілді толғады биім менің.

2-оқушы:

Тілім менің –

Ұлы Абайдай, Мұхтардай пірім ме-
нің.

Тұнығым, рухани жан азығым,
Ол бөлінсе менің де бөлінгенім.

3-оқушы:

Тілім менің —
Осы тілде шежіре, жырым менің.
Жан қайғы, арманы Қорқыт күйі,
Тағдырыммен тамырлас мұңым менің.

4-оқушы:

Тілім менің —
Тілім үшін мың өліп, мың тірілді елім.

Аралыммен, арыммен қатар қойып,
Тілді қорғау — парызым бүгін менің.

5-оқушы:

Тілім менің —
Тіршілігім, тынысым, құным менің.
Бас бергенмен, Махамбет тіл берген жоқ.

Тіл кесілсе, не болмақ күнім менің?!

6-оқушы:

Сүйемін туған тілді анам тілді —
анам тілін,

Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.

Шыр етіп жерге түскен сәтімнен-ақ,
Құлағыма сіңірген таныс үнін.

Мұғалім: Әр адамның, азаматтың қасиеті мен мәдениеті өз халқын, өзінің ата-мекенін қалай сүюімен, өз ана тілін қалай білумен өлшенбек. Ананың ақ сүтіне, уызына жарыған адам әрқашан Отаншыл, ұлтжанды болады. Өз тілін құрметтеген адам, Отанын да, ұлтын да өз анасындай құрметтей біледі.

Құрметті ұстаздар, ата-аналар, біз тәрбие сағатымызды әрі қарай жарыс ретінде өткіземіз.

Бүгінгі сайысымыздың барысы:

1-айналым — «Таныстыру»;

2-айналым — «Поэзия минуты»;

3-айналым — «Эссе жазу»;

4-айналым — «Шешендік әлемінде»;

5-айналым — «Білімді болсаң, биік шыңға жетесің»;

6-айналым — «Ұлылардың айтқан сөздері».

Ана тілі — қазағымның қаймағы,

Тілің сенің өміріңнің айғағы.

Бүгін міне, тіл туралы сайыс болып,
Баршаңа мен жұлдызды сәт тілеймін.

1-айналым — «Таныстыру».**1-топ:**

Біздің ұран: Сүйемін туған тілді,
анам тілін.

Біздің ән: Туған тілім — тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім — мен де бірге өсемін,

Өшсе тілім — мен де бірге өсемін.

2-топ:

Біздің ұран: Тіл бар жерде өмір бар.

Біздің ән: Ана тілің арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл

Өз тілінді құрметте.

2-айналым — «Поэзия минуты». Бұл айналымда топ жетекшілері үйден дайындап келген тіл туралы өлеңдерін мәнерлеп, жатқа айтады.

3-айналым — «Эссе жазу».

Оқушылар «Өз тілінді құрметте...», «Тілім менің...» тақырыптарына эссе жазып, ең жақсы шыққанын ортаға салып, оқиды.

4-айналым — «Шешендік әлемінде».

1-топ «От ауызды, орақ тілді, ақылы асып туған бидің өнері» — «Қазбек бидің елшілігі» атты көрініс қояды.

2-топ «Туғаны жоқ, тура бидің өне-

рі» — «Төле бидің шешендігі» атты көрініс қояды.

Қазақ биі орындалады.

5-айналым — «Білімді болсаң, биік шыңға жетесің».

Бұл бөлімде оқушылар сұрақтарға жауап береді.

1-топ:

- Ана тілі деген не?

- «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» дегенін қалай түсінесіңдер?

- Ағылшын тілі не үшін қажет?

2-топ:

- Ана тілін қалай құрметтейсіңдер?

- Тіл туралы заңдардан не білесіңдер?

6-айналым — «Ұлылардың айтқан сөздері...»

Тіл туралы ұлы ғұламалардың мазмұнды ойлары.

Мұғалім:

- Еліміздің болашағы өз елі, өз жері, Отаны туралы не айтар екен? Әнұран.

- Құрметті қонақтар, бүгінгі «Туған тілім — тірлігімнің айғағы» атты тәрбие сағатымызды Әбділдә Тәжібаевтің сөздерімен аяқтаймыз.

Туған тілім — тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.

С. МҰҚАНОВА,

Алғабас орта мектебінің мұғалімі.

Алғабас ауылы,

Қарасай ауданы,

Алматы облысы.

Болашаққа бағдар

Мақсаты: Оқушылардың патриоттық сезімдерін ояту, оларды Отанды қорғауға және елге қызмет етуге ын-таландыру. Ауған қақтығысы ардагерінің өмірі мен ерліктері арқылы оқушыларды елге деген сүйіспеншілікке, батырлыққа, жерімізді қорғауға тәрбиелеу. Қазақстанның бейбіт өмірін қадірлеп-қастерлеуге, ата-баба ерлігі мен халқымыздың тарихын құрметтеуге тәрбиелеу.

«Болашаққа бағдар» атты патриоттық тәрбие сағатын ұйымдастыруда Ауғанстан қақтығысының ардагері

Әбділман Талғат Асқынұлымен кездесу өткізу — оқушыларға патриоттық тәрбие берудің маңызды шараларының бірден-бірі болып табылады. Бұл кездесу барысында Талғат Асқынұлы өзінің өмір жолын, Ауғанстандағы әскери қызмет жылдарындағы ерліктерін, елге деген сүйіспеншілігі мен ерлікті тәрбиелеу жолдарын оқушылармен бөлісе алады.

«Болашаққа бағдар» патриоттық тәрбие сағатының міндеттері:

1. Оқушылардың патриоттық сезімдерін қалыптастыру: Оқушылардың



бойында Отанға деген сүйіспеншілікті оятып, патриоттық рухты нығайту;

2. Ауған соғысының тарихи маңыздылығын түсіндіру: Қазақстан азаматтарының Ауғанстандағы ерлік жолын еске алу арқылы тарихты білуге, құрметтеуге үйрету;

3. Батырлық пен ерліктің маңызын ұғындыру: Талғат Асқынұлы сияқты ерлердің үлгісінде жастарға батырлық пен ерліктің құндылығын көрсету;

4. Қиындықтарды жеңу мен жауап-

кершілікке баулу: Ауған қақтығысы ардагерінің өмір жолын мысалға ала отырып, қиындықтарға төтеп беру, төзімділік және жауапкершілікті арттыру;

5. Құрмет көрсету мен алғыс білдіруді үйрету: Әскери қызмет пен Отан қорғаушыларын қадірлеуге, олардың еңбегін бағалауға баулу;

6. Оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын арттыру: Тарихи естеліктер арқылы елге деген құр-

мет пен адалдықты қалыптастырып, жастарды адамгершілікке тәрбиелеу;

7. Оқушылардың өз еліне қызмет етуге деген ынтасын арттыру: Ардагердің әңгімелері арқылы жастарға ел игілігі үшін еңбек ету, қызмет жасауға деген ниет қалыптастыру;

8. Тұлғалық дамуға әсер ету: Ардагердің өмірлік тәжірибесі арқылы оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттырып, қоғамдағы орнын табуға көмектесу.

Бұл міндеттер іс-шараның тиімділігін арттырып қана қоймай, жастардың патриоттық рухын нығайтуға үлкен ықпал етеді.

Іс-шара жоспары:

I. Кіріспе сөз:

Кездесудің мақсаты мен мәнін түсіндіру. Ауған қақтығысының тарихына қысқаша шолу жасау.

II. Талғат Асқынұлын таныстыру:

Оның өмірбаяны, Ауғанстандағы әскери қызметі, жасаған ерліктері жайлы ақпарат беру, ой бөлісу және жас жеткіншектерге өсиеті, тілегі.

III. Талғат Асқынұлының әңгімесі:

Ардагер өз тәжірибесі мен патриоттық сезімнің маңыздылығы туралы ой бөліседі және пікір алысады.

IX. Сұрақ-жауап:

Оқушылар Талғат Асқынұлына әртүрлі сұрақтар қойып, ардагер өткен жолмен танысады әрі патриоттық рух жайлы пікір алмасады.



V. Қорытынды:

Ардагерді Алғыс хатпен марапаттау және сый-құрмет көрсету әрі іс-шараның тәрбиелік мәнін тағы бір рет айқындау.

Кездесу нәтижесі:

Мұндай іс-шаралар оқушылардың бойында патриоттық рухты нығайтуға, Отанға деген адалдық пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға септігін тигізеді. Талғат Асқынұлының өмірі мен қызмет жолы оқушылар үшін үлгі болып, елдің болашағына деген сенімдерін арттырады. Отан алдындағы өз міндеттерін айқындай түсуге септігін тигізері сөзсіз.

**Серікжан
Қасымханұлы
ОРАЗБАЕВ,**

**«№3 жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ Алғашқы әскери
дайындық технологиясы пәнінің
оқытушы-ұйымдастырушысы.
Семей қаласы,
Абай облысы.**

Ауыл – рухани тіршілігіміздің қайнар көзі

Спорт – салауаттылық кепілі, денсаулық тірегі. Әдетте кез келген адам спортпен шұғылдана білуі мүмкін, бірақ шын спортшы болуы екіталай. Өйткені, ол – спорт өнерінде қайтпас қайсар мінез бен күш-жігерді үйлестіре білген кісі ғана ұтатыны шындық. Осы орайда Сазды тұрғын үй алабындағы №10 модельді кітапханада «Ауыл – рухани тіршілігіміздің қайнар көзі» атты шараға Ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының қола жүлдегері, Біріккен Араб әмірлігінде өткен халықаралық турнирдің күміс жүлдегері, Облыс чемпионы, таэквондодан спорт шебері, Сазды балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің таэквондо үйірмесінің жетекшісі, спорт деген сипырды жанына серік еткен Айымкулов Диаспен кітапхананың тұрақты оқырмандары арасында кездесу кеші ұйымдастырылды.

Кештің мақсаты: ата-ана мен бала-



лардың арасындағы қарым-қатынасты нығайта отырып, спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Әрбір адам спортпен айналысу керек. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды және көңіл-күйі көтеріңкі болады.

Мақсатым балаларды спортқа бейімдеу, өйткені бұл арқылы бала тәртіпке үйренеді, ширақ болады. Таэквондода спортшының аяғы мен қолы қатар жұмыс істейді, шәкіртіңе қол-

дау білдірсең ғана жетістікке жетесің. Топта қыз балалар көп. Оқушыларым облыстық, республикалық жарыстардан орын алып жүр. Жеңілсе кішкентайлар жылап қалады. Мұндайда бапкердің қолдауы аса қажет. Болашақта спорт мектебін ашқым келеді, - дейді біздің спортшы ұстаз.

Аталмыш спорт түрінің қыр-сырын үйреніп жүрген оқушылардың да ұстазына деген ықыластары да ерекше. Сабақ қызықты өтеді, ағай бәрін үйретеді, бізге қолдау көрсетеді, -дейді



шәкірттері.

20 жаста 60 оқушыны таэквондоға тегін баулып жүрген Диас Айымқұлов – Қазақстан Республикасының спорт шебері. Екі жылға жуық жас балаларға спорттан сабақ беріп жүр. Тәуелсіз елдің туын көтеріп, тұғырын орнатқан ұлы шерудің алдыңғы шебінде жүретін дауылпаздай шабысты, батырдай намысты ұлдарымыз болса, халқымыздың мерейі қашанда үстем болмақ.

Диастың ұстанымы: От бол, от болмасаң жоқ бол!

**Айнұр Әбдіқызы
ТАҒАН,
Сазды тұрғын
үй алабындағы
№10 модельді
кітапхананың
кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы.**



Білімнің ғажайып ордасына 60 жыл

Ақтөбе қаласындағы №5 Самуил Яковлевич Маршак атындағы қалалық балалар кітапханасына 60 жыл толуына орай кітапхана мамандарының ұйымдастыруымен «Білімнің ғажайып ордасы» атты мерекелік кеш өтті.

Кітапхана 1964 жылдың 1 сәуірінде өзінің жұмысын бастаған. Бүгінде кітапхана қоры 21773 дана құрайды. Балалардың сұранысын толық қанағаттандыру мақсатында кітап қоры жаңа кітаптармен және газет, журналдармен толықтырылып отырады.

Мерекелік шараны қазақтың салты бойынша жасы үлкен, кітапхананың майталман маманы Венера Сәрсенбаева кеш қонақтарына шашу шашып қарсы алды. Мерекелік кешті №33 жалпы қазақ орта білім беру мектебінің ұстазы Майра Сатбаева жетек-

шілік ететін Темірбек Жақсылықбаев атындағы «Кадет» сыныбының домбыра ансамблі күмбірлеген күйімен бастады. Мерекелік шараны «Ақтөбе қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің» мемлекет мекемесінің басшысы Гулжайна Бисенгалиеваның Алғыс хатын Жазира Бақытжанова кітапхана ұжымына сөз сөйлеп табыстады. Кітапхана жанынан құрылған «Күншуақ» клубының белсенді мүшелері Айсұлу Кармисова өзінің жаңа туындысын кешке арнауым деп оқып берді. Жанерке Исатаева, Баян Оңғар «Кітапхана» атты көрініс қойып, әсем әуенді әндерін орындады. Серіктес №12, №33 мектептердің белсенді оқырмандары Көзайым Киният, Наргиз Ғалымжан, Шахназ Мақсот және өзге ұлттың оқырмандары Ярослав-



лав Станиславский, Ирина Бедаревалар қазақ тілінде, ақын-дардың өлеңдерін мәнеріне келтіріп жатқа айтып көрермендерді тамсандырды.

Кешке шақырылған кітапхананың құрметті ардагерлері кітапхана тарихынан сыр шертіп, ұйымдастырушыларға ал-



ғыстарын білдіріп, жас ұрпақты кітап оқуға шақырды. Ақтөбе қаласының 155 жылдығымен тұспа-тұс келген кітапхананың мерейтойына жазушылар одағының мүшесі, ақын, сазгер, аудармашы, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі», тележурналист Гүлсамал Аймаханова құттықтау сөз сөйлеп, жүрек жарды лебізін жырымен жеткізді. Ақынның сөзіне жазылған 25 жыл тарихы бар «Айналдым, Ақтөбем!» әнін Лариса Тұрғалиқызы орындап мерекелік шараны қыздыра түсті. Облыстық Нұрпейіс Байғанин атындағы балалар кітапханасының директоры Эльмира Кашкенова тілегін айтып балаларға

арналған кітаптарды кітапханаға сыйға тарту жасады. «Қалалық қазақ зағиптар қоғамы мәдениет үйінің» директоры Ақыл Жарылқасынұлы және кітапхананың ерекше оқырманы Жумина Дана тілектерін әнмен жалғастырып, тыңдарманды тәнті етті.

«Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Салиева Гүлнар Нохымқызы белсенді қатысқан қатысушыларға және серіктес мектептердің кітапханашыларына алғыс хат табыстады. «Кітап-білімнің түпсіз аспаны, терең бастауы. Кітапхана — рухани қазына ордасы» — деп мерекелік шара қорытындыланды.

**Ақжібек
Шындәулетқызы
КЕНШІНБАЕВА,
№5 Самуил Яковлевич Маршак
атындағы қалалық балалар кітапхана
менгерушісі.
Ақтөбе қаласы.**

Білімнің мініп тұлғарын

Мақсаты: оқушыларды 4 жыл білім алған бастауыш сыныппен қоштасып, ұстаздары мен ата-аналарына балалық алғыстары мен сүйіспеншіліктерін білдіру, олардың талғам мәдениетін қалыптастырып, ұстазды, үлкенді құрметтеуге баулу.

Көрнекілігі: әсем безендірілген акт залы, билбордтар мен слайдтар.

Барысы.

1-жүргізуші:

Бәрі есімде, мектепке алғаш барған күн,

Күлімдеп бір нұр жүзіміз жанған күн.

Сыңғыр қағып қуанышпен қоңырау,

Шақырғаны алға бізді арман мың.

2-жүргізуші:

Әсем бөлме терезелер жап-жарық,

Қойған дерсің шырағданнан шам жағып.

Қара такта, аппақ парта қаз-қатар,

Отырдық біз сипап бәрін таң қалып.

1-жүргізуші: Құрметті ұстаздар, аяулы достар, қадірменді ата-аналар! Бүгін бізде қуаныш, бізде үлкен той. Өйткені, төрт жыл бойы білім беріп, ой санамызды дамытқан, адалдыққа тәрбиелеп, білімнің соқпағынан, ғылымның арнасына кең жол ашқан — бастауыш сыныппен қоштасқалы отырмыз.

2-жүргізуші:

Толқимыз, толқып тұрсыз баршаңызда,

Мұндай күй болған сірә қаншаңызда.

Қол соғып қошеметпен шақыралық,
4 Б сыныбын ортамызға.

1-жүргізуші: Қадамдарыңыз құтты болсын! Алдарыңызда тұрған балалар

осыдан 4 жыл бұрын мектеп табалдырығын жүрексіне аттаған кіп-кішкене балдырғандар еді. Енді міне ойлары да, бойлары да өсіп, егеменді еліміздің жарқын болашағын жасау мақсатында «*Білімнің мініп тұлғарын*» жоғары сыныпқа қадам басуда. Бүгінгі мерекемізді ашу үшін сөз кезегі мектеп басшысында.

1-оқушы:

Көз салып қараңызшы бйымызға,

Ортақ боп бүгінгі өскен ойымызға.

Қош келіпсіз ұстаздар ата-аналар!

Бастауышпен қоштасу тойымызға.

2-оқушы:

Шаттанамын мен бүгін шаттанамын,

Ғылым сырын түсіндім, мақтанамын.

Осы сырды үйреткен 4-сыныбым,

Түстей болып мінекей артта қалдың.

3-оқушы:

Қоштасу тойын бастайық,

Ән мен биге басайық.

Өнерімізді көрсетіп,

Құрметіне бұл тойдың

Әнмен шашу шашайық.

«*Біз бақытты балдырған*» әні орындалады.

4-оқушы:

Мектебім — мәңгі бапкерім,

Қарызбыз саған бәріміз.

Өзіңе деген парызды,

Ақтаймыз талай әлі біз.

5-оқушы:

Ыстық мекен, алтын ұя мектебім,

Сен арқылы білім алып көктедім.

Достарыммен бірге жүріп, бір күліп,

Қарсы алдым жастық шақтың көкте-

мін.

1-жүргізуші:

Мұғалім, ұстазысыз балалардың,
Болашақ ғалымдардың, даналардың.
Өмірде сіздің алар орныңызды,
Бірі де жеткізе алмас балалардың.

2-жүргізуші:

Әр шәкірттің сезімі бір, әні бір,
Шаттық пенен қайғы мұнда жаны
бір.

Балғын шәкірт жүрегінен жол тап-
қан.

Ұстаз бенен мейірімнің мәні бір.

6-оқушы:

Аттағанда мектептің босағасын,
Алғашқы ұстаз жылытты шапағатың.
Әліппені үйретіп, әдепті де,
Қуандырды әр бала ата-анасын.

1-жүргізуші: Адам өміріндегі ең қым-
бат жанның бірі — ұстаз. Ол оның көкі-
рек көзін ашып, дүниетанымын кеңей-
тіп, қияға қанат қақтырады.

2-жүргізуші: Сол себепті, небір да-
рынды ойшылдар да, көк төсін шарла-
ған ғарышкерлер де, жүрек жұтқан ба-
тырлар да, қарапайым еңбек адамдары
да ұстазды пір тұтып, қадірлейді.

«Ұстазым» әні орындалады.

7-оқушы:

Алғаш рет өзіңнен,
Білім алды балалар.
Оқу сырын өзіңнен,
Біліп алды балалар.

1-жүргізуші:

Адамдыққа үйреткен,
Жамандықтан жиреткен,
Тілімізді ширатқан,
Ана тілі — данамыз
Білу керек әр қазақ ана тілін,
Анадай мейірімді ана тілім
Ана тілі арқылы халық үшін,
Белгілі бар күреске баратыным, - де-
мекші, біз ана тілі сабағын сүйіп оқып

қана қоймай, шығармашылықпен ай-
налысып, өлеңдер мен эсселер жазған-
ды ұнатамыз.

2-жүргізуші:

Оқи берсең ғылымды,
Артық болмас баршасы.
Математика — өмірде,
Бар ғылымның патшасы.
Ойланатын есеп шығартып,
Төрт таңбаны білдірген.
Ғылымдардың патшасы,
Математик — данамыз.

1-жүргізуші:

Білу үшін жер жайын,
Дүниетану өтеді,
Музыканы оқуға, керек әннің жетегі,
Орыс тілін оқимыз, тану үшін әр ұлт-
ты.

Компьютермен танысып, зердемізге
тоқытты, - дей отырып, келесі әнімізді
ұстаздарға арнаймыз.

«Ұстаз қуанышы» әні орындалады.

1-жүргізуші:

Жарқылдап тойға келген асыл жан-
дар,
Гүлдей боп көзімізге басылғандар.
Қол жетпес арманды іске асырған-
дар,
Ата-аналар, құрметті, асыл жандар.

2-жүргізуші:

Ата-ана дейміз бәріміз де аңқылдап,
Ата-ана дейді жас сәби де жарқыл-
дап.
Ата-ана деген — бәйтерегі өмірдің,
Ата-ана деген — алтын қазық, алтын
бақ.

1-жүргізуші:

Сырымды менің бес саусақтай біле-
ді,
Біздер үшін бөлек жаны, жүрегі.
Қамқор жанды одан басқа көргем
жоқ,

Біздер үшін бақыт іздеп жүреді.

Келесі кезекте *қыздарымыздың орындауында «Ана-әке» әнін қабыл алыңыздар.*

8-оқушы:

Қамқорым, асыл анам, ғазиз анам,
Жүресің көп жақсылық тілеп маған.
Өмірде еш жамандық көрмей жүрші,
Тілерім осы ғана менің саған.

9-оқушы: Санама құйған сансыз ақылынды,

Білемін балаң үшін мақұлынды.
Ақтармын тірі жүрсем ақ сүтінді,
Жаратқан, жабырқатпа, жақынымды.

1-жүргізуші:

Сыйлаймыз анамызды, оятқан санамызды,

Ананың тәрбие-тәлімі,
Сүйдірген кең даламызды.

Олай болса, назарларыңызды экранға аударсаңыздар.

Видео көрініс: 1. Атам-анам — мақтанышым; 2. Қос қамқорым — қос анам; 3. Ұстаздарым — ізгі арманым.

2-жүргізуші:

Мен тілеймін ата-анаға;
Өмір-думан, бақ әкелсін.
Азамат боп шығамын мен,
Сенетіндей халқым ертең.

1-жүргізуші:

Жетекші боп балаңызға жүрдіңіз де,
Бізді ойлап көңіліңіз жүдеді ме?
Достарым, тыңдаңыздар ана сөзін,
Сіздерге арнап айтатын тілегін де, -
дей келе, құттықтау сөз кезегін ата-аналарға береміз.

2-жүргізуші:

Есімде алғаш ұстаздың қарсы алғаны;
Айқара ашып есікті тастағаны.
Бір мереке думан боп осы манда,

Жетелеп бір сыныпқа апарғаны.

1-жүргізуші:

Енді міне сағымдай боп өте шықты,
Төрт жыл уақыт аз ба екен кім біліпті.

Ұстаз ана жасады мына бізден,
Ел таңғалар азамат, бір-бір мықты —
демекші, сыныбымыздың өнерлерін тамашалауға шақырамыз. Ортада Көңілді Тапқырлар Клубы мүшелерін қошеметтеп қоялық.

2-жүргізуші:

Достарымның өнері бар қаншалықты,
Би билеп, ал біреуі ән салыпты.
Сыныптасым, құрбыларым әрдайым,
Арналады осы әнім сіздерге, - *дей келе, «Таңдағанымсың» әнін қабыл алыңыздар.*

1-жүргізуші:

Жамандықтан сақтандырған,
Жақсы істі мақтан қылған.
Білім алған мектебінде,
Билерімен шаттандырған, - биші
қыздарымыздың өнерін тамашалайық.

2-жүргізуші:

Қайсар рухы кемімес қазақпыз біз,
Жерім, халқым деп тебіренгенбіз.
Өр рухты бабама жақын болып,
Намысты боп, бүгін өсіп келеміз біз,
- *сыныбымыздың жгіттерін «Қазақ жгіттері» әнімен қарсы алайық.*

1-жүргізуші:

Алғашқы ұстаз, ерекше тұлға, дара
шың,
Ұмытылмастай мәңгі есте қалатын.
Сарғайып кеткен суреттерді парақтап,
Шәкірттерін оңаша еске алатын
2-жүргізуші:
Білімді шәкірттерін аялаған,

Жақсылықты ешкімнен аямаған
Саялы бақ, жанашыры жас ұрпақтың.
Ұстаз деген аяулы, ардақты адам.

1-жүргізуші:

Ажырамай мектептен бір елі сіз,
Жақсылыққа жаралған жүрегіңіз.
Сөз берелік құрметпен өзіңізге,
Шәкірттерге арналсын тілегіңіз, - *де-
мекші сөз кезегі алғашқы ұстазымызда.*

1-жүргізуші:

Бастауышым — балбұлағым,
Алдым сенен балдың дәмін.
Әріп танып, білім алып,
Рахметімді жаудырамын.

2-жүргізуші:

Бастауышым — балбұлағым,
Өтті сенде қызық шағым.
Қоштасар күнде жетті міне,
Қимастықпен қол бұлғаймын! - дей
отырып, бүгінгі мерекелік кешімізді
аяқтаймыз.

Гүлмира БОРАНБАЕВА,
№39 Қызылөзек орта мектебінің
мұғалімі.
Қараөзек ауылы,
Қызылорда облысы.

Қисса Көрұғылы

Мақсаты: Көрұғылы дастанының
мазмұнын ашу;

Білімділігі: Шығарманың көркемдік
тілін таныту;

Тәрбиелілігі: Оқушыларды ауыз
әдебиетімен сусындата отырып, елді,
жерді, Отанды сүйуге, ерлікті құрмет-
теуге тәрбиелеу;

Дамытушылығы: Шығарма кейіпке-
рінің іс-әрекетімен таныстыру.

Сабақтың түрі: «Алтын сақа» ойы-
ны.

Армысыздар, жырсүйер қауым. Қа-
зақ халқы қашанда қисса — дастан-
дарды сүйіп оқып, көңіліне осы жыр
шумақтарынан нұр құйып болашаққа
бағыт алған.

Қазақтың небір ғұлама даналары
қисса — дастандардан данышпандық-
тың кәусәр бастауын таныған секілді.
Шөліркеген көңілдерін жыр-дастан-
дардан нәр ала отырып сусындатқан.
Олай болса, «Алтын сақа» ойынын та-

машалайық. Ойынымыздың тақыры-
бы «Қисса Көрұғылы». Бұл тексте Кө-
рұғылының Қызылбас Қалдаханның
баласы Райханмен соғысы жырлана-
ды. Бұл нұсқаны 1910 жылы қағазға
түсірген Ерғали Есенжолов.

Ал, көрермендер ойынымызды бас-
талық. Ойынның алғашқы мәресі «Та-
балдырық», «Алтын сақа» сайысына
сақадай сайланып келсеңдер, табал-
дырықтың сұрағына жауап беріңдер.
Сол сұраққа топты жарып жауап бер-
ген төрт жүйрік ортаға сайысқа шыға-
ды.

1-сұрақ:

Жығалының бағасы,
Қызыл баспен соғысты,
Қарап тұрмай бұлар тек.
Қасын жойды бұл ерлік.
Жамағаты зар жылап,
Жесір қалды Алтыншаш.
Жесір қалған Алтыншаш неше жас-
та болатын? (31 жас)

2-сұрақ:

Рақым етіп құдайым,
 Көр ішінде туғызып.
 Жан беріп оны тебіrentті,
 Сүт шығып ана төсінен.
 Біріне-бірін еміrentті.
 Сөйткен Көрұғылымыз
 Көр ішінде неше жасқа ер жетті?
 (7 жас)

3-сұрақ: Қалдарханның бір сұлу қызы бар еді, соны алып кет. Маған екінші мәрте келерсің дегені. Осы сұлудың есімі кім? (*Күләйім*)

4-сұрақ:

Сөкпеңіздер ғайыптан,
 Ананың сөзін ұмытып,
 Арада неше жыл өтті,
 Бозұғылының кешіккен.
 Осы батыр неліктен,
 Ана сөзін ұмытқан.
 Айтшы қане себебін? (*Ақбілекті Күйген тауға алып қашу*)

Араларындағы ең жүйрік, ең білгір төрт ойыншы шығып тұр. Ендеше, «Әудемжерге» қарай аяқ басыңдар. Әуелі асық иіру арқылы сұраққа жауап беру ретін бөліп алайық. «Әудемжердің» төрт сұрағы беріледі.

Күйген таудың басында,
 Отыр екен қырық бір ер.
 Әрқайсысы арыстан шер,
 Салса көзін шамалап.
 Тас бұршақтай домалап.
 Ол кім еді? (*Сапабек батыр*)

2-сұрақ:

Аң аулап жүр Бозұғылан,
 Сақара майдан даладан.
 Өте берді гулетіп,
 Көп зиратты моладан.
 Осы кезде батырым,

Құмнан бір із көреді.
 Сол із кімнің ізі еді?
 (*Көрұғылының ізі*)

3-сұрақ:

Бір күндері болғанда,
 Аңға кетті Бозұғлан.
 Бозұғлан үйде жоқ кезде,
 Даладан келіп бір адам.
 Жөн сұрайды дауыстап,
 Жөн сұраған адамның кім екенін анық тап. (*Қалдаханның баласы*)

Әудемжерден әндетіп, сұрақ қойып жауап беріп жетіп те қалдық. Ендігі барар бағытымыз — «Қозыкөштің» сұрақтары:

1-сұрақ:

Ер Көрұғылы мұны естіп сүйінді,
 Қамқа тонды тал бойына киінді.

Сөйлеспекке Райхандай патшамен,
 Үйден шығып тысқа қарай жүгірді.
 Жүгіріп шығып Көрұғылы,
 Райхандай патшадан бір асылын сұрады. Сол сұраған асылы не еді?

Жауабы:

Танымаймын аға сенің затыңды,
 Өтірік айтпай рас айтшы атыңды.
 Саған берген есен-аман сәлемім,
 Түсіп берші астыңдағы, атыңды.

2-сұрақ:

Көрұғылының Бозұғлан,
 Байлаған шешті білегін.
 Есі кетіп қуанып,
 Бақытымды құдай ашты деп.
 Баса алмады жүрегін.
 Бірақ Көрұғұлыдай жас бала,
 Бағынбады батырға.
 Моладан өте бергенде,
 Сөз сұрады жалына.
 Не деп ағасына жалынды?

Жауабы:

Тілегім бар, ағам-ау,

Қабыл етсең тілейін.

Рұқсат берсең анамның,

Не халде екенін көрейін.

«Беласардың» биігіне көтерілу үшін де біраз ойлануға тура келіп тұр. Қане, жүйріктер, «Хас тұлпарлар бәйгелерде шыңдалар» дегендей, тағы бір сынақтан өтіп көрейік.

1-сұрақ: Әлқисса, Көрұғылы сұлтан ар жаққа өтіп, бірнеше күн сапар шегіп, Қалдарханның еліне келіп, қойшы шалдың киімін киіп диуана болып жүреді. Енді шаһарға кірмекші болып, Ғиратына сөйлейді. Сөйлегенде не дейді?

Жауабы:

Шығып едім он үшімде соғысқа,

Сыр білмеген талап етіп ұрысқа.

Ғират атым, мен келгенше аман бол,

Берік болғын, аспаһандай қылышқа.

2-сұрақ:

Моласынан апамның,

Бір тамаша ер көріп.

Күзетіп соны қалғаным,

Бар қайласын түгесін.

Қапалықпен келіп тұр,

Ұстай алмай нарларын.

Айтшы енді Ақбілек,

Ұстар бар ма амалың?

Жауабы:

Мен айтсам сөзді мақұлын.

Ұстайтын оның ақылын.

Алма деген жемісті,

Көп қылып сонда алып бар.

Тастап кетсең әр жерге,

Теремін деп жүргенде.

Ілінбес пе екен ақ сұңқар.

Міне, көптен асыға күткен «Жолайрыққа» да жеттік. Сіз — жеңімпазсыз. Бірақ алда екі түрлі мақсат бар. Бірі

— қанжығаға жүлдені байлап «Жолайрықтан» кері қайту, екіншісі — «Нартәуекел — ер ісі» деп, «Алтын көмбені» алып қайту. Қане, не ойың бар?

Олай болса, нартәуекел. Ал тыңда, ендеше мен сұрақты оқимын.

Сәйгүліктер бәйгелерде шыңдалар, Һас жүйріктер аламанда бәйге алар.

«Көрұғылының» жілік майын шаққандар,

«Алтын көмбеде» жүлде алар.

«Алтын көмбенің» сұрағы.

Он тоғыз мың әскердің көбін қырып, азын қашырып, тау басынан түсіп, найзасын жерге шаншып қойғанда найзасы шыр айналып тұрмады, енді найзасына қарап бір сөз деді.

Ер жігітке қарудың бар пайдасы,

Атсыз болмас ер жігіттің айласы.

Шанышқан жерде айналасың, тұрмайсың,

Жауап бергін Халел Ибраһим найзасы? - деп сұрағанда найзасы не деп жауап береді?

Жауабы:

Жеті жаста мен ұстаған жолдасым,

Көрұғылбек көрде туған жолбарысым,

Өлтірмекке уәзірлермен сөйлесті,

Көріп тұрмын жеңешеннің көз жасын.

Осымен «Алтын сақа» ойыны аяқталды. Келесі кездескенше сау болыңдар!

Ж. ЕЛЕКБАЕВА,

Ә. Жангелдин атындағы орта мектептің мұғалімі.

Шалқар қаласы,

Ақтөбе облысы.

Жұлдызды сәт

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: жалпы информатика үйірмесі бойынша оқушылардың білімдерін тиянақтау, ой-өрісін кеңейтетін тұжырымдар жасату және пән бойынша білімдерін тереңдету;

Дамытушылық: оқушылардың пән-ге қызығушылығын арттыру, өз ойларын айта білуге үйрету, шығармашылық қабілетін және ой ұшқырлығын дамыту;

Тәрбиелік: оқушыларды бірлікке, адамгершілікке, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа, бәсекелестік қабілетке, ұжымдық сезімге тәрбиелеу.

Барысы:

1-жүргізуші: Құрметті ұстаздар, қонақтар, оқушылар! «Жұлдызды сәт» интеллектуалдық ойынымызға қош келдіңіздер! Бақ пен бап сыналар бұл жарысқа қатысып отырған оқушыларға сәт сапар тілейміз.

2-жүргізуші:

Информатика болашаққа бастайды,
Келешекке білім қуған жастарды.

Қадам басып 21-ғасырға,

Барлық әлем жаңалығын тастайды.

1-жүргізуші:

Жетілдіріп, кеңейтіп бұл асылды,

Информатика озады бар ғасырды.

Ой түйіндеп, жетелейді адамды,

Әлі ашылар құпиялар сан қырлы,
- дей келе, бүгінгі сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

Ойын шарты: «Жұлдызды сәт» ойынына 8-сыныбының оқушыларынан құралған 2 команда қатысқалы отыр.

Әр команда 6 ойыншыдан құралған. Ойын 4 кезеңнен тұрады.

I кезең: Менен сұрақ, сенен жауап.

II кезең: Қисынды ойлай білейік.

III кезең: Дода.

IV кезең: Аниматорлар.

Командалармен танысып өтейік:

«Бірлік» командасы:

Ұраны: «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін»

«Ақиқат» командасы:

Ұраны:

«Ақиқат деп жар саламыз,

Бірлікпен қарсы аламыз,

Жеңіс туын желбіретіп,

Білім шыңына шығамыз»

2- жүргізуші:

Әділ халқым берерсің әділ баға,

Білімі мен білігін салыстырып, - дей келе ең алдымен сіздерді осы ойында әділ бағасын берер әділқазылар алқасымен таныстырып өтейін.

1- жүргізуші:

Төрағасы, төбе билер, жюрилер,

Әділетпен кеңес құра біліндер, - дей отырып сайысымыздың I кезең «Менен сұрақ, сенен жауап» кезеңін бастаймыз. Әр топқа 10 сұрақ қойылады, сұраққа дұрыстығына байланысты «иә» немесе «жоқ» деп жауап беру керек, әр дұрыс жауап балл болып есептеледі. (Сұрақтарды екі жүргізуші әр командаға кезекпен оқиды)

I кезең: «Менен сұрақ, сенен жауап»

I командаға: «Ақпарат» сөзі латын тілінен аударғанда түсіндіру, баяндау, мәлімет дегенді білдіреді. (Иә)

1. Баспаға шығару құрылғысы пернетақта деп аталады. (Жоқ)

2. Адам ақпаратты сақтай алмайды. (Жоқ)

3. Ең алғашқы ЭЕМ 1946 жылы АҚШ-та пайда болды. (Иә)

4. Ақпараттың ең кіші өлшем бірлігі килобайт деп аталады. (Жоқ)

5. Компьютер ақпараттық процестерді жүзеге асыратын құрал. (Иә)

6. Тышқан ақпаратты сақтауға арналған құрылғы. (Жоқ)

7. 1 байт 8 битке тең. (Иә)

8. Пернетақта компьютерге ақпаратты енгізу құрылғысы. (Иә)

9. Қазіргі компьютерлердің пернетақтасында 80 перне болады. (Жоқ)

II командаға: «Информатика» пәні ЭЕМ-нің көмегімен ақпараттарды жинау, сақтау, өңдеу заңдылықтарын зерттейтін ғылым. (Иә)

1. 1 Килобайт 1024 байтқа тең. (Иә)

2. Delete алдыңғы символды өшіру пернесі. (Жоқ)

3. Дисплей компьютер экранына ақпаратты шығарушы құрылғы. (Иә)

4. Сканер ақпаратты енгізу құрылғысы. (Иә)

5. Пернетақта, сканер ДК-дің сыртқы құрылғыларына жатады. (Иә)

6. 1846 жылы Бэббидж машинасына программа жазған Ада Лавлейс. (Иә)

7. Адамға ақпарат дыбыс, мәтін, графикалық түрде берілмейді. (Жоқ)

8. Принтер — ақпаратты қағазға басып шығаратын құрылғы. (Иә)

9. ЭЕМ дамуының I буынында электрондық шамдар пайдаланылды. (Иә)

2-жүргізуші:

Ойын толқын жатқанда асып, тасып,

Біреу мығым, біреулер шалыс басып.

Бұл ойыннан өтеді ғұлама ойлар,

Жеңсең де, жеңілсең де қалма жасып.

1-жүргізуші: Сонымен II кезеңіміз «Қисынды ойлай білейік». Бұл кезеңде берілген сөздерді дұрыс құрастыру арқылы ішінен артық сөзді табу қажет. Жауап толық болса балл, толық болмаған жағдайда балл қойылмайды.

2-жүргізуші:

Жас достарым, мұны айтайын несіне,

Информатиканы құрметтеу менің есімде.

Компьютердің құрылғысын білсеңіз,

Сәйкес ұпай, шәкірт, саған несібе, - деп, турымызды бастайық.

1-командаға:

Тышқан	пернетақтаның жұмысын жеңілдетеді
Перне	тақта
Колонка	дыбыс шығаратын құрылғы
Қатты	диск
Жүйелік	блок

2-командаға:

Принтер	ақпаратты қағаз бетіне шығарады
Файлды	сақтау
Жүйелік блок	ақпараттық процестерді жүзеге асырады

Монитор	компьютер экранына ақпаратты шығарушы құрылғы
Модем	интернет желісіне қосады

2-жүргізуші: Қосымша қызықты мәліметтен хабардар болып отырайық. Смарт технология біздің өмірімізге дендеп енуде. Смарт технологияны қолданудың бір мысалы ретінде банкоматтарды айтуға болады. Банктер өздерінің салымшыларына пластикалық карталар береді. Оның магниттік жолағында есеп шоттың иесі туралы толық мәліметтер жазылған. Ақша алғысы келген адам картаны банкоматтың қабылдағышына салады, машина магниттік жолақтағы ақпаратты оқып, клиенттің дербес идентификациялық номерін (ДИН) сұрайды.

1-жүргізуші:

Ойын толқын, айналған қатты ағысқа,

Табылғандай танымда, жат дауыста.

Біреу озып келеді қатарынан,

Біреу қалып жатады асығыста.

2-жүргізуші: Олай болса келесі «Дода» кезеңінің шарттарымен таныстырып өтсек. Бұнда алты ұяшықта сұрақтар берілген, әр қатардағы сұрақ 10, 20, 30 балдан. Әр команда ұяшықтарды таңдау арқылы сұрақтарға жауап береді, командаға балл сол таңдалған ұяшықта белгіленген баллға ие болады. Алдыңғы екі турдың қорытындысы бойынша жоғары ұпай жинаған командаға бірінші болып ұяшық таңдау мүмкіндігі беріледі.

Сұраққа жауап бере алмаған жағдайда келесі командаларға жол беріледі.

10 балдық ұяшықтар сұрағы:

1. Ерте заманғы және бәрімізге белгілі есептеу құралы есепшот болып табылады. Деректерге қарағанда оның жасы 2000-5000 жылдар шамасында, ал пайда болған жері ертедегі Қытай немесе ертедегі Египет, тіпті ежелгі Греция болуы да мүмкін. Бұл санау құралын қытайлықтар «суан-пан», жапондықтар «серобян» деп атаған.

Сұрақ: Бұл санау құралын гректер мен Батыс Еуропалықтар не деп атаған? (Жауабы: «Абак»)

2. Бірінші электронды есептеуіш машина 1946 жылы АҚШ-тың Пенсильван университетінде жасалды, құрастырушылар Дж. Моучли мен Дж. Эккерт болды.

Сұрақ: Бұл алғашқы ЭЕМ қалай аталды? (Жауабы: «ENIAC»)

20 балдық ұяшықтар сұрағы: (ЭЕМ суреттері экранда көрсетіледі)

1. 1944 жылы американ математигі Говард Айкен Гарвард университетінде программамен басқарылатын, релелік және механикалық элементтерге негізделген есептеуіш машинасын құрастырды.

Сұрақ: Бұл ЭЕМ қалай аталды? (Жауабы: «Марк-1»)

2. 1694 жылы Вильгельм Готфрид Лейбниц Блез Паскальдің идеясын дамытып механикалық есептеу машинасын құрастырып шығарды?

Сұрақ: Бұл ЭЕМ қалай аталды? (Жауабы: «Арифмомтер»)

30 балдық ұяшықтар сұрағы: (Ға-



лымдардың суреттері экранда көрсетіледі)

1. Ол 1642 жылы он тоғыз жасында дүние жүзінде бірінші рет қосу машинасы деген атпен белгілі, жетектер мен дөңгелектерден тұратын механикалық есептеу машинасын құрастырды? (Жауабы: «Блез Паскаль»)

2. Ол 1833 жылы программамен басқарылатын «Аналитикалық машинаны» құрастырып шығарған болатын. (Жауабы: «Чарлз Бэббидж»)

2-жүргізуші: Компьютермен жұмыс жасағанда ең бастысы оған асыққаныңызды білдіртпеу керек... Нағыз программист, тамақ қоры біткеннен кейін де, пернетақтадағы қиқымдарды қоректеніп бір апта өмір сүре алады...

Өлгеннен кейін Бил Гейтстің жаны корзинаға түседі екен...

1-жүргізуші: Мынадай қызық оқиға естідіңіз бе? Программист пианисттің жаңа роялін көруге келіпті. Рояльді ұзақ айналып жүріп: Пернелер тақтасы қолайсыз?! Небәрі 84 перне, оның жартысы функционалды, бірде біреуі жазылмаған, бірақ ... Shift-ті аяқпен басатыны жақсы екен депті.

2-жүргізуші:

Бұл бәйге ойдың бәйгесі,

Кім жүйрік ойға сол алда.

Біліммен ісі сәйкессе,

Тапқыр болар қашанда, - дей келе соңғы кезеңімізді бастайық.

1-жүргізуші: Бұл кезең «Аниматорлар» сайысы деп аталады.

Шарты: Екі команда пәнге қатысты термин немесе құралды жасырылған «Венгр сөзжұмбағына» жасырамыз

және нәтижесін іс-қимылмен көрсетуі қажет. Неғұрлым үйлесімді және нақты әр іс-қимыл балмен бағаланады. (Әр команда төрт іс-қимыл көрсетуі қажет)

М	Т	П	Л	О	Т	Т	Н	О	М
И	Ы	П	Р	Р	Т	Е	И	Д	Е
К	Ш	Н	И	Е	Е	Р	О	М	М
Р	Қ	А	Н	Т	Р	Н	Н	И	Т
О	Н	Т	С	Ө	З	Е	Т	Р	О
П	А	И	Б	А	Й	Т	Т	Е	З
Р	М	В	П	И	К	М	Е	Р	Е
О	Ә	И	А	Р	С	О	Ұ	А	Ф
Ц	Т	Р	И	Х	Е	Д	Я	Й	Л
Е	І	У	В	Ж	Л	И	Я	И	Ц
С	Н	С	Д	А	Б	Ф	И	К	А
С	О	Р	А	Б	О	Н	Е	Н	Т

Жасырылған сөздер: Микропроцессор, тышқан, мәтін, плоттер, принтер, сөз, байт, пиксель, архив, жад, абонент, модификация, ұя, файл, терезе, монитор, модем, интернет, байт, антивирус.

2-жүргізуші: Сонымен, әділ қазылар шешімі дайын болса, тыңдайық.

(Әділ қазы төрағасы сөйлейді, жеңіске жеткен команда анықталады)

1-жүргізуші: Осымен сайысымыз аяқталды. Алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге үлкен алғысымызды айтамыз.

Нұргүл МЕРАЛИНА,

№177 мектептің информатика пәні

мұғалімі,

«Ғажайып ғаламтор» үйірмесінің

жетекшісі.

Сексеуіл кенті.

Арал ауданы.

Қызылорда облысы.

Алтын сақа

Мақсаты: оқушылардың ой-өрісін, танымдық белсенділігін дамыту, әр түрлі пәнге қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін арттыру. Икемділікке, ептілікке баулу.

Қажетті материалдар: топ аттары жазылған қағаздар, қима қағаздар, интерактивті тақта.

Әділ-қазы алқаларымен таныстыру. Сайыс кезендері:

1. Таныстыру;
2. «Тездет, бірақ қателеспе!»;
3. «Ұшқыр ой»;
4. «Ойлы болсаң, озып көр»;
5. «Тапқыр болсаң, талас жоқ».

1-кезең. Топтар өздерін таныстырады.

2. «Тездет, бірақ қателеспе!» Ойынның шартын түсіндіру.

Сұрақ 1-сыныпқа:

1. Жуан дауысты сөзге мысал келтір?
2. Жіңішке дауысты сөзге мысал келтір?
3. Дауысты дыбыстарды ата? (А, ә, е, ұ, ү, и, о, ө, ы, і, у, я, ю, ё, э)
4. Қазақ тілінде неше дыбыс бар? (42 дыбыс бар)
5. Жуан дауысты дыбыстарды ата? (а, о, ұ, ы)
6. Жіңішке дауысты дыбыстарды ата? (ә, е, ө, ү, і)

4-сыныпқа:

1. «Кеудесіне нан пісу» дегенді қалай түсінесің? (Жауабы: Дандайсу, менсінбеу)
2. «Шамдану» дегенді қалай түсінесің? (Жауабы: ашулану)
3. «Ағат ой» дегенді қалай түсінесің? (Жауабы: жаңсақ, теріс ой)

4. «Теңеу» дегеніміз не? (Жауабы: Теңеу — бір затты немесе құбылысты екінші бір затқа, құбылысқа ұқсатып бейнелеу. Теңеу -дай, -дей, -тай, -тей, -ша, -ше жұрнақтары арқылы немесе секілді, сияқты, тәрізді сөздерінің көмегімен жасалады. Мысалы: маржандай күріш, теңіздей толқыған астық, т.б.)

5. «Портрет» дегеніміз не? (Жауабы: Портрет — шығармада кейіпкердің сыртқы түрінің, кескін-келбетінің суреттелуі)

6. «Мысал» дегеніміз не? (Жауабы: мысал — жануар, затты кейіпкер етіп, солардың әрекеті арқылы адам бойындағы кемшілікті сынайтын, жақсы мінез-құлықты үлгі етіп көрсететін көркем шығарма. Мысал өсиет, ақыл айтуға құрылады, қарасөзбен де, өлеңмен де жазылады)

3. «Ұшқыр ой»

1-сыныпқа:

1. *«Балалар, бүгін біз үлкен тәртіпсіздік жасадық, - деді ағай. — Қармен атқыласып, терезені сындырып қойдық. Басты кейіпкер — Сұлтан. Ол кінәсін мойындаудың орнына, қашып кетті».*

Сұрақ: Бұл қай шығармадан үзінді? Авторы кім?

(Жауабы: «Ақшақардың әлегі». Бердібек Соқпақбаев)

2. *«Бір кішкене қыз көшеде анасынан адасып қалыпты. Ол анасын іздеп, бақырып жылапты. Оны көрген адамдар жұбата бастады.*

- Сен жылама! Біз сені қазір анаң алып барамыз. Сенің анаң қандай еді? - деп сұрапты».

Сұрақ: Бұл қай шығармадан үзінді? Авторы кім?

(Жауабы: «Бәрінен де жақсы. Ыбырай Алтынсарин)

3. «Жақында Асан атаның баласы қалаға көшіп кетті. Оқушылар Асан ата мен Әсем әжеге көмектесуге келісті.

Толағай:

- Ұлдар мал күтуге көмектессін. Ал қыздар үйді тазаласын, - деді».

Сұрақ: Бұл қай шығармадан үзінді? Авторы кім?

(Жауабы: «Әдепті балалар». Әдібай Табылды)

4. «Әкесі мен баласы мектепке келе жатты. Қар аппақ. Бала анадай жердегі қалың қарға қарай жүрді.

- Жолдан шығып, қалың қарды бекер омбыладың-ау, - деді әкесі.

Түстен кейін әкесі мектепке тағы келді».

Сұрақ: Бұл қай шығармадан үзінді? Авторы кім?

(Жауабы: «Соқпақ». Жақсылық Кенжалиев)

4-сыныпқа:

1. «...Бұл жас матрос — ата-анасы белгісіз жетім бала еді. Бала «Дик Сэнд» атанып кетті. Сірә, ол Нью-Йорк штатында туса керек».

Сұрақ: Бұл қай шығармадан үзінді? Авторы кім?

(Жауабы: «Дик Сэнд». Жюль Верн «Он бес жасар капитан» Аударған — С. Есжанов)

2. Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!

Ойынға, құр қаларсың, көңіл бөлме.

Оқымай, ойын қуған балаларға,

Жолама, шақырса да, қасына ерме!

Сұрақ: Бұл қай шығармадан үзінді? Авторы кім?

(Жауабы: «Қарағым». Мағжан Жұмабаев)

3. Қараңғы қазақ көгіне

Өрмелеп шығып, Күн болам!

Қараңғылықтың кегіне

Күн болмағанда, кім болам?!

Сұрақ: Бұл қай шығармадан үзінді? Авторы кім?

(Жауабы: «Шәкірт ойы». Сұлтанмахмұт Торайғыров)

4. «Әке-шешеден ерте айырылған жетім бала тіршіліктің қиындығын көп тартты. Қой соңында күндер өтті. Жұрттың баласы хат танып, сабақ оқығанда, мұның қолынан бар келгені — күйемен тас бетіне немесе сұқ саусағымен құмға сурет салу. Немесе қашау, бәкісін ала жүріп, балшық пен ағаштан мүсін жасау».

Сұрақ: Бұл қай шығармадан үзінді? Авторы кім?

(Жауабы: «Құмға салған сурет». Кәдірбек Сегізбайұлы)

5. Таңдандырар бар елді,

Ғажап үйлер салармын.

Жасартатын әжемді,

Дәріні ойлап табармын.

Мұзды жарып зырлайтын,

Кемемен жол асармын.

Бұзылмайтын, сынбайтын,

Ойыншықтар жасармын.

Сұрақ: Бұл қай шығармадан үзінді? Авторы кім?

(Жауабы: «Құштарлық». Фариза Оңғарсынова)

6. «Атырауда мұнайлы

Бір қыз болды шырайлы...

Білмейтұғын нәрсесін

Атасынан сұрайды.

- Ата, - деді Шырайлым, -

Тағы бір сөз сұраймын:

Саябаққа барғанда

Қараймын жас талдарға.

Сыбырлайды жапырақ...

Оларда да жан бар ма?»

Сұрақ: Бұл қай шығармадан үзінді? Авторы кім?

(Жауабы: «Жаратылыс жұмбағы». Мақсұт Неталиев)

5. «Ойлы болсаң, озып көр»

1-сыныпқа:

1. «Бір түлкі жүгіріп келе жатып, абайсызда бір терең апанға түсіп кетті. Шыға алмай тұрғанда, бір ешкі су іздеп жүріп, әлгі апанға кез болып, түлкіні көреді.

- Ей, түлкі батыр, не қылып тұрсың? - депті.

- Ой, не қыласың, жаным жай тауып тұр. Қырда әрі сусап, әрі ыстықтап өліп едім, апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп-тұнық суы бар екен, - депті».

Сұрақ: Ертегінің аты қалай аталады? Ертегіні аяқтап айт.

(Жауабы: «Түлкі мен ешкі»)

2. «Елемес мейірімді, адал, еңбекқор еді. Елемес жәрмеңкені аралап келе жатып, алдында жатқан бір әмиянға көзі түседі. Әмиянды жерден көтеріп алып:

- Мынау кімнің әмияны? Кім жоғалтты? - деп жар салады. Бұл сөзді естіген жәрмеңкеде жүрген қала жұрты аңтарылып Елемеске қарап қалады. Осы кезде Елеместі қоршап тұрған адамдардың арасынан бір қария шығып:

- Мен жоғалттым. Оның ішінде менің өмір бойы жиып-терген алтын теңгелерім бар. Олар гүлді орамалдың ішіне түйілген. Балам, әмиянды ашып көрші, - дейді.

Елемес әмиянды қарап тұрған жұртының көзінше ашады. Расында да, ішінде гүлді орамалға түйілген алтын теңгелер бар екен. Жоғын тапқан қария қуанып, Елемеске алғысын айтады».

Сұрақ: Ертегінің аты қалай аталады? Ертегіні аяқтап айт.

(Жауабы: «Елеместің адамгершілігі»)

4-сыныпқа:

1. «...Жұмабек тұра сала атасына барып, түз тағысы туралы сұрай бастады.

- Ата, ата, қорғансыз бөкенді кім пана тұтады?

- Е, балам, «Аңды иесі қорғайды немесе киесі қорғайды» деген бар... Сен табиғатты сүйген сайын онымен тілдесе алатын жағдайға жетесің. Сондықтан мынау дарқан даланың тілін ұқ, сырын сезуге тырыс. Күн батқан соң сені аспан әлемімен таныстырайын».

Сұрақ: Бұл қай шығармадан үзінді? Авторы кім? Жалғастыр.

(Жауабы: «Құралай». Қаныбек Әбдуов)

2. «Баяғыда бір бай болыпты. Оның үйі қара жолдың бойында, үлкен тұт ағашының қасында екен. Жаздыгүні үй іші қапырық ыстық болғанда бай сол ағаштың көлеңкесіне төсек салып жатады екен.

Бірде үлкен жолмен өтіп бара жатқан шаруа сол тұт ағашының көлеңкесіне демалуға отырып, ұйықтап кетті».

Сұрақ: Бұл қай шығармадан үзінді? Авторы кім? Жалғастыр.

(Жауабы: «Сатылған көлеңке». (Ұйғыр халқының ертегісі). Аударған — Бибісара Омарова)

5. «Тапқыр болсаң, талас жоқ» Минутқа мәтін оқу.

Кез келген мәтіннен үзінді оқимын. Тауып жалғастырып, оқу керек.

Қорытынды.**Марапаттау.**

**Нурия Амантаевна
СУЛТАНОВА,**

III. Жексенбаев атындағы мектеп-бөбекжай кешенінің қосымша білім беру педагогы.

Ұялы ауылы,

**Бөкей ордасы ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.**

